ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 11 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының ескертпесін және мәлімдемесін алып тастау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Нұғманов Амангелді Шайхоллаұлына беріледі.

НҰҒМАНОВ А.Ш. Құрметті Төраға, құрметті депутаттар, қадірменді шақырылғандар! Сіздердің қарауларыңызға ұсынылып отырған «Мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының ескертпесін және мәлімдемесін алып тастау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін толық көлемде орындауға және аталған конвенцияның еліміз үшін толық көлемде күшіне енуін қамтамасыз етуге бағытталған.

1947 жылғы 21 қарашадағы Мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемелерінің құқықтық мәртебесін айқындайтын және олардың тәуелсіз әрі тиімді қызметін қамтамасыз ететін негізгі халықаралық-құқықтық құжаттардың бірі болып табылады.

Конвенция мамандандырылған мекемелердің мүлкі мен активтеріне қатысты артықшылықтарды, салықтық және кедендік жеңілдіктерді, сондай-ақ олардың лауазымды тұлғаларына берілетін иммунитеттер мен кепілдіктерді белгілейді.

Қазақстан Республикасы конвенцияны 2020 жылы ратификациялау кезінде конвенцияның 4-бабы 19-бөлімінің тармақшаларына қатысты ескертпе және 3-бабы 9-бөлімінің тармақшаларына қатысты мәлімдеме жасаған болатын. Атап айтқанда, енгізілген ескертпеге сәйкес мамандандырылған мекемелердің лауазымды тұлғаларына берілетін жекелеген артықшылықтар Қазақстан Республикасының азаматтарына қолданылмайтын болып белгіленді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы конвенцияның 3-бабы 9-бөлімінің тармақшаларына қатысты «кедендік алымдар» ұғымын ұлттық заңнамаға сәйкес түсінетіндігі туралы мәлімдеме жасаған болатын. Нәтижесінде Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық мамандандырылған мекемелерінің басым бөлігі Қазақстан Республикасының ескертпесі мен мәлімдемесіне қарсылық білдірді. Қарсылықтардың негізгі себептері ретінде аталған шектеулердің конвенцияның техникалық немесе рәсімдік нормаларына емес, оның негізгі құқықтық мазмұнына қатысты екені көрсетілді. Сонымен қатар мамандандырылған мекемелер енгізілген ескертпе мен мәлімдеме ұйымдардың қаржылық және әкімшілік тәуелсіздігін қамтамасыз ететін негізгі кепілдіктерге, сондай-ақ олардың қызметкерлерінің құқықтық мәртебесіне тікелей әсер ететінін атап өтті. Осыған байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымының Құқықтық мәселелер жөніндегі басқармасы Қазақстан Республикасына аталған ескертпе мен мәлімдемені кері қайтарып алу мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Халықаралық құқықтық практикаға сәйкес мұндай сипаттағы ескертпелер мен мәлімдемелер тиісті мамандандырылған мекемелердің келісімінсіз толыққанды құқықтық салдар туындатпайды. Сондықтан Қазақстан Республикасы енгізген ескертпе мен мәлімдемені кері қайтарып алмайынша конвенцияның еліміз үшін толық көлемде күшіне ену мәселесі ашық күйінде қалып отыр. Бұл ретте конвенцияның 5-бабына сай 16-бөлімде артықшылықтар мен иммунитеттердің жекелеген тұлғалардың жеке пайдасы үшін емес, мамандандырылған мекемелердің өз функцияларын тәуелсіз әрі тиімді орындауын қамтамасыз ету мақсатында берілетіні нақты белгіленген, яғни конвенцияда көзделген артықшылықтар мен иммунитеттер абсолютті сипатқа ие емес. Олар халықаралық ұйымдардың қызметтік міндеттерін орындауына қажетті көлемде ғана қолданылады және мемлекеттердің заңды мүдделері мен халықаралық ұйымдардың тәуелсіз қызметі арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді. Осыған байланысты бұрын енгізілген ескертпе мен мәлімдемені сақтаудың құқықтық әрі практикалық қажеттілігі бүгінгі күні өзектілігін жоғалтты.

Мемлекет басшысы Қазақстанның халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылын кеңейтуге және халықаралық бастамаларын ілгерілетуге ерекше мән беріп келеді. Осы тұрғыдан алғанда аталған заңды қабылдау Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін толық орындауын қамтамасыз етеді, Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесіндегі мамандандырылған мекемелермен ынтымақтастықты нығайтады, сондай-ақ еліміздің жауапты әрі сенімді халықаралық серіктес ретіндегі беделін одан әрі арттыруға ықпал етеді.

Заң бойынша Сенаттың тұрақты комитеттері тарапынан ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ. Осыған байланысты Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті аталған заңды мақұлдауды сұрайды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Бекенов Нұрлан Жексембайұлына беріледі.

БЕКЕНОВ Н.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрағым Сыртқы істер министрлігіне.

Құрметті Ержан Нигматуллаұлы! В какой степени предоставление привилегий и иммунитетов является необходимым условием эффективной деятельности международных организаций, и существуют ли альтернативные модели правового регулирования их статуса?

Можно ли рассматривать данный закон как элемент более широкой стратегии Казахстана по укреплению своей роли в международных институтах и позиционированию себя как регионального центра международного сотрудничества? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Ашықбаев Ержан Нигматуллаұлы, жауап беріңіз.

АШЫҚБАЕВ Е.Н. Қайырлы күн!

Сауалыңызға рақмет. Разрешите начать ответ со второй части Вашего вопроса.

Безусловно, присоединение Казахстана к конвенции 1947 года является составной частью, неотъемлемым элементом нашей стратегии по позиционированию Казахстана в качестве регионального центра многосторонней дипломатии, особенно это значимо в контексте создания в городе Алматы Регионального центра Организации Объединенных Наций по целям устойчивого развития для Центральной Азии и Афганистана.

Что касается того, является ли это необходимым условием. Да, это универсальное условие. 131 универсальное условие работы, деятельности специализированных структур Организации Объединенных Наций. 131 страна присоединилась. Агентство Организации Объединенных Наций ведет работу на основе условий, заложенных в указанной конвенции.

В отношении альтернативных инструментов реализации. Безусловно, такие существуют, раннее мы их использовали. Прежде всего это касается двухсторонних соглашений о статусе пребывания (Host Agreement), либо это могут быть односторонние законодательные акты принимающей страны. В данном случае путем присоединения к Конвенции 1947 года о привилегиях и иммунитетов специализированных учреждений Организации Объединенных Наций мы решаем вопрос на системной основе, то есть нам не будет необходимости продолжать практику заключения отдельных соглашений с каждым отдельным специализированным учреждением Организации Объединенных Наций.

Хотел бы подчеркнуть, что эта конвенция также закрывает вопрос проведения крупных международных форумов в Казахстане, по которым также положения конвенции будут работать. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Булавкина Ольга Александровнаға беріледі.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Мои вопросы адресованы представителю Министерства иностранных дел Республики Казахстан.

Учитывая, что предлагаемые изменения направлены на применение положений конвенции в полном объеме и затрагивают вопросы предоставления привилегий и иммунитетов должностным лицам специализированных учреждений Организации Объединенных Наций, прошу пояснить.

Не приведет ли снятие оговорки и заявления к ограничению возможностей государственных органов по применению национального законодательства в отношении должностных лиц специализированных учреждений Организации Объединенных Наций? Какие гарантии предусмотрены для предотвращения таких рисков? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ержан Нигматуллаұлы, жауап беріңіз.

АШЫҚБАЕВ Е.Н. Спасибо за вопросы, Ольга Александровна.

В целом предлагаемые изменения о снятии оговорки и заявления не означают полного исключения должностных лиц системы Организации Объединенных Наций из сферы действия национального законодательства Казахстана. Речь идет прежде всего о том, что привилегии и иммунитеты носят функциональный характер и предоставляются исключительно на действия при исполнении служебных обязанностей.

В то же время в случае выявления нарушений раздел 22 конвенции прямо обязывает специализированные учреждения рассматривать вопрос отказа от иммунитета, соответственно, свершения правосудия. Гарантии таковы. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Амангелді Шайхоллаұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

«Мамандандырылған мекемелердің артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының ескертпесін және мәлімдемесін алып тастау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Қазақстан Республикасында Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму саласындағы мақсаттар жөніндегі өңірлік орталығына қатысты өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Бұл екі заң бір-бірімен байланысты. Сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса екі заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Жексенбай Бибигүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға еліміздің халықаралық беделін нығайту және бүкіл аймақтың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызы бар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Қазақстан Республикасында Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму саласындағы мақсаттар жөніндегі өңірлік орталығына қатысты өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Бұл заңдар Мемлекет басшысының халықаралық деңгейдегі маңызды бастамасын іске асыру мақсатында әзірленді. Екі заңның да негізгі міндеті аталмыш орталықтың толыққанды жұмыс істеуін құқықтық әрі қаржылық тұрғыдан қамтамасыз ету болып табылады.

Бірінші. Келісімге қатысты заң ұйымның құқықтық иргетасын қалайды.

Келісім орталықтың нақты мақсаттары мен міндеттерін бекітіп, Біріккен Ұлттар Ұйымының түрлі агенттіктерінің қызметін бір шаңырақ астына біріктіру арқылы функциялардың қайталануын болдырмауды көздейді. Сонымен қатар аталған келісім халықаралық конвенцияға сәйкес орталық қызметкерлеріне тиісті артықшылықтар мен иммунитеттер беруді заңды түрде кепілдендіреді.

Екінші. Меморандумға қатысты заң орталықты құрудың қаржылық-техникалық реттеу тәртібін айқындайды.

Меморандумға сәйкес Қазақстан қабылдаушы ел ретінде 2025 – 2029 жылдар аралығында жыл сайын 3 миллион АҚШ доллары көлемінде ерікті жарна төлейтін болады. Бөлінген қаражат орталықты заманауи материалдық-техникалық тұрғыдан жарақтандыруға, IT-инфрақұрылыммен, байланыспен қамтамасыз етуге және ағымдағы операциялық шығындарды жабуға жұмсалатын болады. Еліміз бұл көрсетілген лимиттен тыс ешқандай қосымша шығындар көтермейді, сондай-ақ бөлінген соманың 13 пайызы Біріккен Ұлттар Ұйымының әкімшілік сүйемелдеуіне бағытталып, барлық қаржылық қызмет ұйымның ішкі және сыртқы қатаң аудит ережелеріне сай жүргізілетін болады. Сондай-ақ бағдарлама аяқталғаннан кейін ғимарат Қазақстан Үкіметіне толықтай қайтарылады. Бұл орталықтың Қазақстан үшін стратегиялық пайдасы зор. Оның Алматыда орналасуы қаламыздың көпжақты дипломатиялық және іскерлік хаб ретіндегі халықаралық мәртебесін одан әрі бекіте түседі. Сонымен қатар бұл қадам Біріккен Ұлттар Ұйымының алаңдарында біздің ұлттық басымдықтарымыз бен мүдделерімізді ілгерілету мүмкіндігін арттыруға, отандық мамандардың халықаралық жүйедегі өкілдігін кеңейтуге және олардың біліктілігін жаңа деңгейге көтеруге тікелей ықпал етеді.

Бұл заңдарды ратификациялау ресми рәсімдерді толық аяқтап, орталықтың жұмысын жедел әрі тиімді бастауға мүмкіндік береді. Құжаттардың қолданылу мерзімі бес жылды құрайды және кейіннен оны тағы да ұзарту мүмкіндігі қарастырылған.

Құрметті депутаттар! Заңдар бойынша Сенаттың тұрақты комитеттері тарапынан ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ. Осыған байланысты Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті аталған заңдарды мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет. Баяндама аяқталды.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заңдар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Тастекеев Қайрат Құлбайұлына беріледі.

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сұрақтарым Сыртқы істер министрлігінің өкіліне.

Орталық ұсынылып отырған құжаттарға сәйкес Орталық Азия елдері мен Ауғанстанның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуіне жәрдемдесіп, өңірлік жобалар мен бағдарламаларды іске асыруды үйлестіруге бағытталмақ. Бұл ретте өңір мемлекеттерінің даму деңгейі, ұлттық басымдықтары мен әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері әртүрлі екенін ескерсек, аталған орталықтың қызметі нақты қандай тетіктер арқылы жүзеге асырылады? Осыған байланысты менде сұрақтар туындайды.

Бірінші. Өңір елдерінің қажеттіліктері мен басымдықтарын айқындау барысында қандай тәсілдер қолданылатын болады?

Екінші. Қазақстан аталған жобалардың бастамашысы әрі бенефициары ретінде қандай нақты артықшылықтарға ие болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Ашықбаев Ержан Нигматуллаұлы, жауап беріңіз.

АШЫҚБАЕВ Е.Н. Сауалыңызға рақмет.

Алдымен тәсілдерге келетін болсақ, біз және Орталық Азиядағы басқа елдердің үкіметтері де Біріккен Ұлттар Ұйымымен әр бес жыл сайын елдің стратегиялық даму басымдықтарына негізделген ынтымақтастықтың басым бағыттары бойынша жоспар құрамыз. Сол жоспарлардың негізінде, яғни әр елдің стратегиялық даму мақсаттарын үйлестіру тұрғысынан сараптама жасау арқылы, консультациялар арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымының орталығы алдағы кезеңде өз жұмысын атқаратын болады.

Қазақстанның бастамашы ел ретіндегі басымдықтарына, артықшылықтарына келетін болсақ, бұл орталықтың бізде орналасуының өзі тиісті үйлестіру мүмкіндіктерін береді әрі жобаларға қатысты бүкіл қаржылық ағындар Қазақстанның экономикалық банктік жүйесі арқылы іске асырылатын болады. Оған қоса келісімдерге сәйкес біз орталықтың басшысын тағайындауға және өңірлік бағдарламалардың басымдықтарына қатысты өз ұстанымдарымызды іске асыруға мүдделіміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Вопросы адресованы представителю Министерства иностранных дел.

Вопросы касаются развития региональных проектов и программ в рамках деятельности Регионального центра Организации Объединенных Наций.

Какие конкретные проекты планируется реализовать при содействии Регионального центра Организации Объединенных Наций, которые напрямую будут касаться нашей страны?

Какие критерии в целом будут применяться при выборе данных проектов, как будет оцениваться их эффективность для нашей страны? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

АШЫҚБАЕВ Е.Н. Сауалыңызға рақмет.

Говоря о проектах, которые будут реализовываться центром, прежде всего речь будет идти о региональных проектах. Как я упомянул в предыдущем ответе, через синергию, координацию планов стратегического развития каждого отдельного государства. Региональный центр Организации Объединенных Наций будет реализовывать соответствующие проекты в отдельных странах. Эти проекты будут развиваться в экономической, социальной и экологической сферах, и каждая из стран будет разрабатывать комплексный план взаимодействия, основанный на указанных приоритетах.

Теперь о том, что касается наших возможностей. В соглашениях предусмотрено, что все эти программы реализуются в соответствии с жесткими требованиями Организации Объединенных Наций, аудит.

Кроме того, Региональный центр Организации Объединенных Наций ежегодно будет представлять отчет о реализованных проектах, а также о своем финансовом состоянии касательно использования предоставленных средств.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Бибигүл Нұрғалиқызы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңдарды талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Қазақстан Республикасында Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму саласындағы мақсаттар жөніндегі өңірлік орталығына қатысты өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылымдарымен ынтымақтастықты жүйелі түрде нығайтып келеді. Соңғы жылдары Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен осы бағыттағы ұзақ мерзімді халықаралық жобалар іске асырылды. Соның бірі Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталықтың құрылуы.

Бұл жұмысқа Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсат-міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссия да өз үлесін қосып келеді. Алматыда құрылған арнайы орталық аймақтағы елдер экономикасының орнықтылығын күшейту үшін аса маңызды деп есептейміз. Сондай-ақ бұл қадам өңірлік ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан – Өзбекстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан – Өзбекстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Келісімге 2024 жылы 8 тамызда Астана қаласында Өзбекстан Республикасы Президентінің мемлекетімізге ресми сапары аясында екі мемлекеттің сыртқы істер министрлері қол қойды.

Құжат Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы 2001 жылғы 16 қарашадағы мемлекеттік шекара туралы шарттың ережелерін іске асыру шеңбері аясында 2022 жылғы 22 желтоқсанда Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасын демаркациялау процесі аяқталып, демаркация туралы шартқа қол қойылғаннан кейін әзірленді. Сонымен бірге жергілікті жерлерде мемлекеттік шекара сызығын нақты белгілеу аяқталып, екі мемлекет арасындағы шекарадағы қатынастарды реттеудің қажетті халықаралық-құқықтық негізі қалыптасты. Атап айтсақ, мемлекеттік шекара режимі мемлекеттік шекараны және шекара белгілерін күтіп-ұстау, адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді және өзге де мүлікті шекара арқылы өткізу, авиа ұшуларды жүзеге асыру, шекаралық белдеулер мен суларда шаруашылық жұмыстарды жүргізу тәртібін, шекаралық оқиғаларды реттеу тетіктерін қамтитын құқықтық және ұйымдастырушылық шаралар кешені болып табылады.

Бүгінгі күнге дейін шекара маңындағы өзара іс-қимылдың жекелеген мәселелері ұлттық заңнамамен және бірқатар екіжақты келісімдермен реттеліп келді. Ұсынылып отырған келісім Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасы режимін реттеудің бірыңғай кешенді халықаралық-құқықтық тетігін қалыптастырады. Осындай келісім Қытай Халық Республикасымен, Қырғыз елімен, Түрікменстан мемлекетімен жасалған. Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын демаркациялау толық аяқталғаннан кейін Ресей Федерациясымен ұқсас келісім жасау жұмыстары жүргізілетін болады. Ал Өзбекстан Республикасы ішкі мемлекеттік рәсімдерді аяқтап, келісімді 2025 жылғы 26 қаңтарда ратификациялады.

Келісім тараптардың бірі екінші тарапқа дипломатиялық арналар арқылы қолданылуын тоқтату ниеті туралы хабарлағанға дейін күшінде қалады және мерзімсіз болып табылады. Осындай жағдайда тиісті хабарлама алынған күннен бастап үш ай өткен соң келісім өз күшін жояды.

Келісімді ратификациялау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға алып келмейді, республикалық және жергілікті бюджеттерден қосымша шығыстарды талап етпейді.

Қарастырылып отырған заңды талқылау бойынша жұмыс топтарының отырыстары өтті және комитеттің кеңейтілген отырысында қаралды. Сонымен қатар аталған заң бойынша Сенаттың тұрақты комитеттері қолдау көрсетіп, өздерінің оң қорытындыларын берді.

Құрметті әріптестер! Баяндалғанды ескере отырып, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан – Өзбекстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?
Сөз депутат Аққожина Бибігүл Бүркітқызына беріледі.

АҚҚОЖИНА Б.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.
Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкіліне.
Соңғы жылдары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы өзара сауда және транзиттік тасымалдау көлемінің өсуі байқалады. Сауда-экономикалық ынтымақтастықтың серпінді дамуы екі мемлекет арасындағы қуатты транзиттік көлік торабын қалыптастыруда. Бірақ бүгінгі таңда бірқатар инфрақұрылымдық, логистикалық және әкімшілік мәселелер әлі де бар. Менің сұрағым осыған байланысты.
Келісімді ратификациялауға байланысты қолданыстағы өткізу пункттерін одан әрі жаңғырту және олардың өткізу қабілетін арттыру жоспарлануда ма?

ТӨРАҒА. Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры Алдажұманов Ерлан Ерғалиұлы, жауап беріңіз.

АЛДАЖҰМАНОВ Е.Е. Сұрағыңызға рақмет.
Қазіргі уақытта мемлекеттік шекарада 11 өткізу пункті бар, оның ішінде 3 теміржол, 8 автокөлік өткізу пункті.
Қаржы министрлігі 2022 жылдан бастап осы бағытта жоспар бойынша жаңғырту жұмыстарын өткізуде. 2025 жылы екі өткізу бекетінде, яғни «Қапланбек» бекеті мен «Атамекен» бекетінде осындай жұмыстар өткізілді. Сол жылы үш өткізу бекеті жаңғырту жұмыстарын өткізу үшін жабылды: «Жібек жолы» бекеті, «Тәжен» бекеті және «Қазығұрт» бекеті. Қазіргі уақытта «Тәжен» өткізу бекеті мен «Қазығұрт» өткізу бекетінде тек жүк көліктері өткізіледі. «Жібек жолы» өткізу бекетінің жаңғырту жұмыстары жоспар бойынша осы жылдың қыркүйек айында аяқталады.
Осы жұмыстардың нәтижесінде «Жібек жолы» өткізу бекетінің күнделікті адам өткізу қабілеті 100-120 мың адам, 2,5 мың автокөлік. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.
Сөз депутат Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.
Менің сұрағым Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкіліне.
Қазақстан мен Өзбекстан орналасқан Орталық Азия өңірі сейсмикалық белсенділігі жоғары аймақтардың қатарына жататыны белгілі. Осыған байланысты екі елдің шекаралас аумақтарында жер сілкінісі, көшкін және су тасқыны сияқты табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау қаупі жоғары. Мұндай жағдайлар шекаралық белгілердің бүлінуіне немесе жойылуына алып келуі мүмкін. Осыған байланысты сұрағым бар.
Шекара белгілерін орнату және күтіп-ұстау бойынша қандай рәсімдер көзделген? Олардың сақталуына кім жауапты? Осындай жағдайларда екі мемлекеттің шекара

қызметтері дипломатиялық арналарды пайдаланбай-ақ өзара тікелей қандай тәртіппен іс-қимыл жасай алады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ерлан Ерғалиұлы, жауап беріңіз.

АЛДАЖҰМАНОВ Е.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Өзіңіз білесіз, 2022 жылы Қазақстан – Өзбекстан мемлекеттік шекарасын демаркациялау жұмыстары аяқталды. Осы шекарада 1 мың 672 шекара белгісі орнатылды. 2020 жылдан бастап шекара белгілері Шекара қызметінің есебіне енгізілді. Барлық күтіп-ұстау жұмыстарын Шекара қызметі өзі жүргізеді.

Төтенше жағдай болған жағдайда шекара белгілері бұзылса Шекара қызметінің өкілдері көршілес мемлекеттің шекара өкілдерімен бірлесіп жөндеу жұмыстарын өткізеді. Барлық жұмыстардың тәртібі осы келісімде қарастырылды. Шекара қызметінің бюджетінен жыл сайын осы жұмыстарды өткізу үшін қаражат бөлінеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ғалиасқар Төлендіұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Қыдырәлі Дархан Қуандықұлына беріледі.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Қаралып отырған заңның негізгі ережелері, келісімнің мақсаты мен мазмұны және оның құқықтық аспектілері туралы әріптесім сенатор Ғалиасқар Төлендіұлының баяндамасында жан-жақты айтылды.

Өздеріңізге мәлім, Өзбекстан Республикасы татулығы жарасқан көрші мемлекет, стратегиялық серіктес әрі тарихи тамыры ортақ бауырлас ел. Ежелден еншілес екі елдің бекем байланыстары соңғы жылдары одақтастық деңгейіне көтерілді. 2025 жылдың қорытындысы бойынша екі мемлекет арасындағы өзара сауда көлемі 16 пайыздан астам өсіп, 5 миллиард АҚШ долларына жуықтады. Өнеркәсіптік кооперация, көлік-логистикалық байланыстар, өңіраралық ынтымақтастық және гуманитарлық байланыстар белсенді түрде дамып келеді. Мемлекет басшыларының бастамасымен өңіраралық ынтымақтастық форумдары табысты жұмыс істеуде. Түрлі келісімдер аясында өнеркәсіп, құрылыс, мұнай-газ химиясы, қаржы, логистика және туризмді қоса алғанда, жеті негізгі бағыт бойынша жалпы құны 1,7 миллиард АҚШ долларын құрайтын 78 бірлескен жоба іске асырылуда. Осындай жағдайда мемлекеттік шекараның тиімді жұмыс істеуін реттейтін заңды қабылдау сауда, көлік-логистикалық байланыстарды, инвестициялық ынтымақтастықты дамытуға және екі ел арасындағы бекем байланыстарды одан әрі кеңейтуге қосымша құқықтық кепілдіктер береді. Сонымен қатар Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасы өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрғысынан да стратегиялық маңызға ие екені белгілі. Сондықтан мемлекеттік шекара режимін халықаралық-құқықтық тұрғыдан реттеу екі елдің шекара, кеден және құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылын тиімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аталған келісім Қазақстан-Өзбекстан мемлекеттік шекарасын демаркациялау жөніндегі аяқталған үдерістің заңды жалғасы екенін атап өткен жөн. Іс жүзінде бұл біздің елдер арасындағы мемлекеттік шекараның тиімді жұмыс істеуіне қатысты барлық мәселелерді реттейтін заманауи шарттық-құқықтық базаны қалыптастыруды толық аяқтауды білдіреді.

Келісімді қабылдау және іске асыру тұтастай алғанда Орталық Азиядағы тұрақтылықты нығайтуға, елдеріміз арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге және Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы одақтастықты одан әрі тереңдетуге ықпал ететініне сенімдіміз. Осыған байланысты заңды қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан – Өзбекстан мемлекеттік шекарасының режимі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған келісім бауырлас Өзбекстан Республикасымен мемлекеттік шекараның құқықтық режимін белгілейді. Құжатта адамдардың, көліктердің, жүктер мен өзге мүліктердің шекарадан өту тәртібі айқындалған. Сондай-ақ шекаралық белдеулерде шаруашылық және өзге де қызметтерді жүргізу мәселелері реттеліп отыр.

Жалпы, заң екі елдің ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға тың серпін береді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған әріптестерге рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне газбен жабдықтау және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне газбен жабдықтау және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылады.

Заң Мемлекет басшысының газ тасымалдау жүйесін дамыту, газды ұтымды тұтынуды және үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ саланы жедел цифрландыру жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында әзірленді. Айта кету керек, бұл салада бірқатар өзекті мәселелер бар. Атап айтқанда, инфрақұрылымды жедел жаңғырту және салу қажеттілігі, ішкі нарықтың қажеттіліктерін өтеу үшін газды үздіксіз

жеткізуді қамтамасыз ету, тауарлық газға баға белгілеу жүйесін реформалау және басқа да мәселелер өз шешімін күтуде.

Заңда ұсынылған түзетулер еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, саланы мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыруға және газды ұтымды тұтынуды ынталандыруға мүмкіндік береді. Заңда бюджет қаражаты есебінен салынған газбен жабдықтау объектілерін жергілікті атқарушы органдардан газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператордың («QazaqGaz» ұлттық компаниясы) балансына өтеусіз беру көзделеді. Бұл норма газбен жабдықтау объектілерін тасымалдау рәсімін жеңілдетуге және тұтынушыларды үздіксіз газбен қамтамасыз ету үшін олардың тиісті техникалық қызмет көрсетілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Газ тарату ұйымдарының қызметін реттеу мақсатында бірқатар түзетулер енгізіледі, оның ішінде:

газ тарату жүйелерін магистральдық газ құбырына міндетті түрде қосу;

тауарлық газды газ тарату жүйесі арқылы екі және одан да көп газ тарату ұйымдарының тасымалдауына тыйым салу.

Бұл түзетулер артық делдалдарды алып тастау арқылы газ тарату ұйымдарының қызмет тиімділігін арттыруға бағытталған.

Келесі түзетулер блогы автогаз құю станцияларын пайдалану қауіпсіздігін арттыруға және сұйытылған мұнай газы айналымын реттеуге арналған. Атап айтқанда:

автогаз құю станцияларын сұйытылған мұнай газын жерүсті резервуарларында сақтаудан жерасты резервуарларында сақтауға көшіру;

автомобиль көлік құралдары мен тұрмыстық газ баллондарын заңнамада белгіленбеген орындарда толтыруға тыйым салу;

газ және газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын қағидаларға сәйкес жергілікті атқарушы органдардың автогаз құю станцияларының шекті санын белгілеуі;

көппәтерлі тұрғын үйлерді жылумен жабдықтау үшін пайдаланылатын сұйытылған мұнай газы бағасын мемлекеттік реттеу және тағы басқалар көзделуде.

Сондай-ақ заңмен газ және газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті органға тұрмыстық тұтыну үшін тауарлық газды тұтыну нормаларын есептеу және бекіту қағидаларын бекіту жөніндегі құзырет беру ұсынылады.

Белгіленген нормалардан асып кеткен жағдайда жоғарылатылған коэффициенттер қолданылатын болады. Жалпы алғанда, бұл халықтың тауарлық газды пайдалану тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар коммуналдық-тұрмыстық және өнеркәсіптік тұтынушы ұғымдары тауарлық газды тұтыну көлемінің шегі бойынша ажыратылады. Бұл жаңашылдық тауарлық газ тапшылығы туындаған жағдайда халықты үздіксіз газбен қамтамасыз етуге басымдық беруді көздейді.

Цифрландыру аясында заңда тауарлық газды есепке алу құралдарына деректерді қашықтан беру мүмкіндігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды енгізу қарастырылған. Бұл түзетулер тауарлық газды есепке алудың дәлдігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге, көрсеткіштерді алу шығындарын қысқартуға және адами фактордың әсерін болдырмауға бағытталған. Бұдан бөлек заңмен электр энергетикасы саласын дамытуға бағытталған бірқатар түзетулер енгізіледі. Атап айтқанда, гидроэнергетиканы одан әрі дамытуға

арналған нормалар бекітіледі, оның ішінде «гидроаккумуляциялық электр станциясы» ұғымы енгізіліп, оларды салатын заңды тұлғаларды іріктеу өлшемшарттары айқындалады. Сондай-ақ жобаның өтелімділігіне қол жеткізілгеннен кейін мұндай станцияларды техникалық жарамды күйде мемлекет меншігіне өтеусіз беру көзделеді.

Заңда электр энергиясын беру қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның жаңа түрін енгізу, лицензиялау тәртібін регламенттеу, сондай-ақ берілген лицензияларға қатысты рұқсаттық бақылауды енгізу және басқа да шаралар қарастырылған.

Құрметті әріптестер! Сенаттың тұрақты комитеттерінің заң тұжырымдамасына қатысты ескертулері мен ұсыныстары жоқ. Жоғарыда баяндалғандар негізінде Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Сенат Регламентінің 58-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне газбен жабдықтау және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Энергетика министрлігінің өкіліне.

Заңда тауарлық газды есепке алу аспаптарының деректерін қашықтықтан беру функциясымен міндетті жарақтандыру көзделеді. Сұрақ осыған байланысты.

Есептеу құралдарының көрсеткіштерін қашықтан беру жүйелерінен келетін деректер нақты қай жерде сақталады және олардың иесі және операторы кім болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Энергетика вице-министрі Тұтқышбаев Қайырхан Серікұлы, жауап беріңіз.

ТҰТҚЫШБАЕВ Қ.С. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Алишер Гапиржанович.

Бұл деректердің иесі – арнайы деректерді өңдеу орталықтары. Бұл деректер интернет арқылы емес, арнайы қорғалған байланыс арқылы өтетін болады, яғни газ таратушы ұйымдар тек құралдың нөмірі мен тұтынылған газдың көлемін ғана көріп отырады, үшінші тұлғалар бұл деректерді көре алмайды. Сол себепті Қазақстан Республикасының инфрақұрылымдық және ақпараттық қауіпсіздік заңдарына сәйкес бұл ақпарат басқа ешқандай тұлғаларға берілмейді, тек газ таратушы ұйымның иелігінде ғана болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұғманов Амангелді Шайхоллаұлына беріледі.

НҰҒМАНОВ А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне.

Қаралып отырған заңда бюджет қаражаты есебінен салынатын және кейіннен ұлттық операторға өтеусіз берілетін газбен жабдықтау объектілеріне қатысты жобалауға арналған тапсырманы келісу және техникалық мониторинг жүргізуді ұлттық оператормен міндетті түрде келісу көзделген. Бұл ретте жекеменшік қаражат есебінен салынатын жекеменшік объектілердің аталған рәсімдердің қолданылу аясына кірмейтіні байқалады. Осыған байланысты барлық газбен жабдықтау объектілері үшін қауіпсіздіктің бірыңғай деңгейін қамтамасыз ету мәселесі қалай реттелетіні жөнінде түсініктеме беруіңізді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Қайырхан Серікұлы, жауап беріңіз.

ТҰТҚЫШБАЕВ Қ.С. Сұрағыңызға рақмет.

Қаражат көзі жекеменшік болсын, мемлекет қаражатына қаржыландырылған жобалар болсын қазір осы заң жобасының аясында негізгі үш талап бар:

біріншісі – ұлттық оператордан берілетін техникалық шарттарды алу;

екіншісі – жобалық-сметалық құжаттама;

үшіншісі – газ беруші ұйымның техникалық шарттары.

Сол себепті қаржының көзіне байланысты емес. Жекеменшік болсын, мемлекет қаржыландырған жобалар болсын, барлығына да талап бірдей, яғни осы үш талапты сақтаған кезде газ құбырға берілетін болады.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Энергетика министрлігінің өкіліне арналады және әріптесімнің сұрағының жалғасы есепті.

Заңда газды есепке алудың «ақылды» аспаптарына кезең-кезеңмен көшу ұсынылып отырғаны атап өтілді.

Цифрландыру қарқынының артуына байланысты мынадай сұрақ туындайды. Қалған 2,5 миллионнан астам есептегішті ауыстыру үшін қанша қаражат қажет болады және осы шығындардың тиімді жұмсалуына бақылау қалай қамтамасыз етіледі?

Сонымен қатар тұрмыстық тұтынушыларға арналған есептегіштерді орнату газ тарату ұйымдарының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болса бұл шығындардың кейіннен газ тарифтерінің немесе өзге де төлемдердің өсуі арқылы тұтынушыларға жүктелмейтінін растайтын есептеулер бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қайырхан Серікұлы, жауап беріңіз.

ТҰТҚЫШБАЕВ Қ.С. Сұрағыңызға рақмет.

Біріншіден, қазір қалып жатқан 2,5 миллион газ есептеуіш құралдарды толық орнықтырудың 20 пайызы «QazaqGaz» компаниясының өз есебінен, қалған 80 пайызы екінші деңгейлі банктің қарызы есебінен болады.

Екіншіден, айта кететін жайт, бұл жоба тарифтің өсуіне ешқандай әсер етпейді, яғни тариф есебінен қаржыландырылмайды. Жобаның ақшасын қайтару үнемделген газ есебінен болады, яғни үнемделген газ біздің импорттың (газдың) көлемін азайтуға мүмкіндік береді және «QazaqGaz» АҚ-ның операциялық шығындарын азайту арқылы жобаның қаржысын толық қайтаратын болады.

Қазіргі таңда 2,5 миллион газ есептеуіш құралдарының сомасын «QazaqGaz» АҚ әлі есептеп жатыр. Керек болған жағдайда қосымша жазбаша жауап беруге дайынбыз.

ТӨРАҒА. Рақмет. Демек тұтынушыларға қосымша жүктеме болмайды, солай ғой?

ТҰТҚЫШБАЕВ Қ.С. Қосымша жүктеме болмайды.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.
Басқа сұрақтар жоқ.
Рақмет, Сүйіндік Тасеменұлы. Орныңызға отырыңыз.
Енді заңды талқылауға көшейік.
Сөз депутат Аққожина Бибігүл Бүркітқызына беріледі.

АҚҚОЖИНА Б.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Әріптесім газбен жабдықтау және электр энергетикасы мәселелері жөніндегі заңның негізгі аспектілерін жан-жақты баяндап өтті.

Заңға сәйкес әкімдіктер сұйытылған газбен жүретін автокөліктер саны туралы деректер негізінде автогаз құю стансаларының шекті санын айқындайтын болады. Қазіргі уақытта елімізде 3 мыңнан астам автогаз құю стансалары жұмыс істейді. 2023 жылмен салыстырғанда олардың саны үш есеге артқан. Бұл ретте заңды түрде жұмыс істеп тұрған және пайдалануға берілген барлық автогаз құю стансаларының өз қызметін қалыпты режимде жалғастыратынын атап өткен жөн.

Тағы бір маңызды жаңашылдық – тауарлық газды тұтыну көлемінің шекті деңгейі бойынша коммуналдық-тұрмыстық және өнеркәсіптік тұтынушылар ұғымдарын ажырату.

Қазіргі таңда кейбір коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар, мысалы, сауда ойын-сауық орталықтары газды өнеркәсіптік көлемде, оның ішінде жерасты автотұрақтарын жылыту үшін пайдаланады. Осыған байланысты тұтынушыларды газ есептеу аспаптарының өткізу қабілетіне қарай бөлу қажеттілігі туындады. Сондай-ақ заңда тауарлық газды есепке алу аспаптарына деректерді қашықтан беру мүмкіндігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды белгілеу көзделген. Халық үшін деректерді қашықтан беру функциясы бар есепке алу аспаптарына көшу газ жеткізушілердің қаражаты есебінен жүзеге асырылатынын атап өткім келеді.

Жалпы алғанда, заңның ұсынылып отырған нормалары газбен жабдықтау және электр энергетикасы салаларын одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда аталған заңды толығымен қолдаймын, сондай-ақ сіздерді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне газбен жабдықтау және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне газбен жабдықтау және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарау мәселесін енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған әріптестер, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызметшілердің құқықтық жағдайын жетілдіру, қорғаныс және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Назарларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызметшілердің құқықтық жағдайын жетілдіру, қорғаныс және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылады.

Әріптесіміз Ғалиасқар Төлендіұлы Сарыбаев бастамашысының бірі болған бұл заң қорғаныс, әскери қызмет, халықаралық әскери ынтымақтастық және әскери қызметшілерді әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Заңмен шет елдердегі әскери өкіл аппараттарының құқықтық мәртебесі мен қаржыландыру тәртібі нақтыланады, сондай-ақ онда қызмет атқаратын әскери қызметшілердің лауазымдары дипломатиялық қызмет қызметкерлеріне теңестіріледі.

Арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда, жоғары лауазымдарға іріктеу кезінде әскери қызметшілердің цифрлық рейтингі енгізіледі.

Әскери қызметшілердің әлеуметтік және құқықтық қорғалуын күшейту мақсатында төтенше жағдайларды жоюға, терроризмге қарсы операцияларға және төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге қатысқан Қарулы Күштер мен Шекара қызметі әскери қызметшілеріне үш есе мөлшерде ақшалай төлем қарастырылған. Сонымен қатар әскери қызметтен босату туралы шешімдерге шағымдану мерзімдері мен тәртіптік жазаларды қолданудың шекті мерзімдері айқындалады.

Заң әскери қызмет өткеру тәртібін де жетілдіреді. Атап айтқанда, еңбек сіңірген жылдары 25 жылдан асқан әскери қызметшілерге өз қалауы бойынша қызметтен шығу құқығы беріледі. Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін офицердің қызмет ету мерзіміне бала үш жасқа толғанға дейін оның бала күтіміне байланысты демалыста болу кезеңі есептелмейді. Бұл уақыт кезеңі еңбек сіңірген жылдарына есептеледі. Бұдан бөлек Біріккен Ұлттар Ұйымынан бітімгершілік миссияларға қатысатын әскери қызметшілер үшін бөлінетін қаражатты тікелей аудару тетігі енгізіледі. Сондай-ақ әскери және қосарланған мақсаттағы тауарларға баға белгілеу қағидаларын бекіту жөніндегі қайталанатын норма алынып тасталады.

Құрметті әріптестер! Сенаттың тұрақты комитеттері тарапынан заң бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере келе Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті аталған заңды мақұлдауды ұсынады.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкіліне.

Қаралып отырған заңда Қарулы Күштердегі жоғары тұрған әскери лауазымдарға тағайындау үшін кандидаттардың цифрлық рейтингін енгізу көзделеді. Сонымен қатар бағалаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу рейтингті қалыптастыру өлшемдерінің ашықтығы мен әскери қызметшілердің кәсіби және іскерлік қасиеттерінің қаншалықты толық ескерілетініне қатысты бірқатар сұрақтар туындатады. Осыған орай сұрақ туындайды.

Әскери қызметшілердің цифрлық рейтингін қалыптастыру кезінде қандай нақты көрсеткіштер мен бағалау критерийлері негізге алынады және жоғары тұрған лауазымдарға тағайындау туралы шешім қабылдау барысында цифрлық бағалау нәтижелері мен тікелей командирлердің пікірі арасында тепе-теңдік қалай қамтамасыз етіледі? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қорғаныс министрінің орынбасары Мұстабеков Асқар Досбосынұлы, жауап беріңіз.

МҰСТАБЕКОВ А.Д. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Советбек Тұрсынұлы.

Персоналды кадрлық есеп жүйесін енгізгелі бері бұл әскерилердің дайындығын арттыруға және өзінің кәсіби деңгейін көтеруге ынталандыруға септігін тигізіп жатыр. Персоналдық кадрлық есепті цифрландырған жағдайда әскери азаматтың білім деңгейі, оның қандай да бір курстық дайындықтардан өткені, қызмет атқарған жылдарының стажы, қандай лауазымдарда қызмет атқарғаны есепке алынады. Сондай-ақ қызмет атқарған кезінде аттестациялау комиссиясы аттестациялағанда немесе басқа да құқық бұзушылық жасаған жағдайда оның өтемақы баллы шегерілетін болады.

Айта кету керек, әскерилердің цифрландырылған персоналды кадрлық есебі командирдің өзінің жеке қабылдауымен емес, сондықтан сыбайлас жемқорлық жағдайын болдырмайтыны белгілі. Әрбір әскери қызметкер жоғары лауазымға тағайындалған кезде оның білім деңгейі, өткерген еңбек жылдары, қызмет атқарған лауазымдары есепке алынады. Сондықтан әр әскери адам өзінің біліміне және деңгейіне қарай жоғары лауазымға тағайындалатын болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкіліне.

Сұрақ әскери қызметшінің бала үш жасқа толғанға дейін оны күтуге байланысты демалыста болған кезеңін әскери қызмет мерзіміне емес, еңбек сіңірген жылдарына енгізу туралы нормаға қатысты.

Үш жасқа дейінгі баланы күту демалысында жүрген запастағы офицерлердің саны бойынша статистика бар ма? Аталған норманың күші қазіргі уақытта бала күтімі бойынша демалыста жүрген офицерлерге де қолданыла ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Асқар Досбосынұлы, жауап беріңіз.

МҰСТАБЕКОВ А.Д. Сұлтан Мырзабекұлы, сұрағыңызға рақмет.

Соңғы жылдары осы заңның 46-бабының 2-тармағын қолданатын біздің Қарулы Күштердің ер азамат қызметкерлерінің саны ұлғайып бара жатыр және де бұл заңның осы бабын екі жылға, яғни 24 айға шақырылған мерзімді офицер қызметкерлер де қолдана алады. Сондықтан әскерге шақырылғаннан кейін осы бала күтіміне байланысты демалысқа баянхат жазып шыққан кезде оның лауазымы атқарылмайды және де 24 ай уақыты біткеннен кейін бала күтіміне байланысты демалыстан шыққан кезде ол офицердің қызметтік уақыты біткен болып саналады. Сондықтан қазіргі таңда осы норманы енгізген жөн деп санаймыз. Бұл біріншіден.

Екіншіден, статистиканы алсақ, егер 2023 жылы бұл бапты 16 адам (мерзімді офицер қызметкерлері) қолданған болса, 2024 жылы 67 адам, 2025 жылы 95 адам болды. Ал биылғы жылдың төрт айы бойынша 42 адам бала күтіміне байланысты демалыста.

Егер осы заңнама енгізіліп жатса, онда бала күтіміне байланысты демалыста жүрген офицерлердің қалған уақыты осы заңға енетін болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Алишер Гапиржанович. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! В своем выступлении, посвященном Дню защитника Отечества, Глава государства подчеркнул, что армия Казахстана должна быть высокопрофессиональной, мобильной и готовой к выполнению самых сложных задач для эффективного противодействия современным вызовам и угрозам.

В последние годы последовательно укрепляется оборонный потенциал страны, модернизируются Вооруженные Силы, повышается социальная обеспеченность военнослужащих.

Рассматриваемым законом предусмотрены дополнительные меры социальной и правовой защиты военнослужащих. В частности, вводится выплата денежного пособия отдельным категориям военнослужащих, совершенствуются вопросы продовольственного обеспечения, законодательно закрепляется статус военных представителей, а также повышается прозрачность кадровых процессов.

Как известно, Казахстан является единственной страной Содружества Независимых Государств, имеющей мандат Организации Объединенных Наций на проведение самостоятельных миротворческих миссий. В этой связи совершенствование порядка распределения средств Организации Объединенных Наций позволит своевременно осуществлять выплаты военнослужащим, участвующим в миротворческой деятельности.

Современные условия, развитие новых форм и методов ведения вооруженной борьбы предъявляют повышенные требования к профессионализму военнослужащих. Особый характер воинской службы, высокая ответственность и риск для жизни и здоровья требуют адекватной поддержки со стороны государства.

Поэтому предусмотренные законом дополнительные механизмы социальной и правовой защиты военнослужащих являются своевременными и справедливыми. Считаю необходимым поддержать данный закон.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызметшілердің құқықтық жағдайын жетілдіру, қорғаныс және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер, қабылданған заң әскери қызметшілерді әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін шешуге бағытталған. Соған сәйкес әскери қызметшілердің әлеуметтік және қызметтік жағдайын жақсартуды көздейтін кешенді нормалар қарастырылды. Сонымен қатар әскери қызметті өткеру кезіндегі жекелеген құқықтық

қатынастырды одан әрі жетілдіруге арналған ережелер бар. Қабылданған шаралар алдағы уақытта әскеріміздің қорғаныс әлеуетін арттыруға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға ұсынылған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды күшейтуге және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіруге, сондай-ақ сот орындаушыларының кәсіби деңгейі мен жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Законом предусмотрены следующие концептуальные положения.

Первое. В целях усиления защиты прав граждан в исполнительном производстве:

расширяется упрощенный порядок взыскания штрафов и налоговых задолженностей путем увеличения порога взыскания с 20 до 40 МРП;

вводится обязанность судебных исполнителей уведомлять должников о выселении за 10 дней, чтобы дать им возможность найти другое жилье. На сегодня судебный исполнитель сам определяет данные сроки, требование о выселении мог выдавать даже за один день;

закрепляется норма по отмене всех мер принудительного исполнения в случае истечения срока предъявления исполнительного документа. Отмена мер будет производиться автоматически постановлением территориального органа юстиции без участия частных судебных исполнителей;

вводится ограничение по взысканию не более 25 процентов из государственных пособий для лиц с инвалидностью и социальных выплат по случаю потери работы и утраты трудоспособности;

для перечисления алиментов взыскатель должен предоставить судебному исполнителю реквизиты банковского счета, предназначенного для зачисления алиментов, и законом устанавливается запрет на обращение взыскания и наложение ареста на указанный счет.

Второе. В целях усиления контроля за деятельностью частного судебного исполнителя, а также повышения его профессионализма и ответственности вводится аттестация действующих частных судебных исполнителей, включающая проверку знаний законодательства и Кодекса профессиональной чести. Непрохождение повторной аттестации будет являться основанием для лишения лицензии частного судебного исполнителя. Аттестация будет проводиться один раз в три года. А также устанавливается досудебный порядок обжалования действий судебного исполнителя.

Третье. В целях дальнейшего совершенствования исполнительного производства:

вносятся изменения в процедуру электронных торгов арестованного имущества. В частности, взыскателю предоставляется право оставить имущество в натуре при признании аукционов несостоявшимися;

исключается необоснованное направление исполнительного документа в другой исполнительный округ в целях недопущения безосновательной пересылки;

при неизвестности места пребывания руководителя юридического лица, являющегося должником, вводится возможность объявления его розыска, поскольку на практике нередки случаи, когда неизвестно фактическое место нахождения организации и его руководителя.

Закон обсужден и рассмотрен на заседаниях рабочей группы и расширенном заседании комитета в первом чтении.

От постоянных комитетов Сената по концепции закона замечаний и предложений не поступило.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Сенат Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Рақмет.

Существенной новеллой закона является наделение Министерства юстиции правом во внесудебном порядке приостанавливать действие или лишать лицензии частного судебного исполнителя за допущенные нарушения.

Данная мера оправдана для оперативного пресечения незаконной деятельности. При этом расходные операции по текущему счету такого частного судебного исполнителя приостанавливаются, а отзыв выставленных инкассовых распоряжений и выставление новых осуществляются частным судебным исполнителем, которому передается производство. Одномоментная блокировка парализует все находящиеся у нарушителя производства, включая перевод уже взысканных социально значимых средств.

Исходя из этого, мой вопрос адресован представителю Министерства юстиции.

Уважаемый Даниель Мереевич, учитывая значительный объем дел, находящихся в производстве у отдельных частных судебных исполнителей, как именно на подзаконном уровне будут обеспечены бесперебойность передачи исполнительных документов и оперативное разблокирование взысканных средств для нового частного судебного исполнителя?

ТӨРАҒА. Әділет вице-министрі Ваисов Дәниел Мерейұлы, жауап беріңіз.

ВАИСОВ Д.М. Большое спасибо за вопрос.

Вы абсолютно верно отметили, что данная норма направлена на оперативное реагирование на незаконные действия частных судебных исполнителей, предотвращение незаконных действий, пресечение этой деятельности. Но хотелось бы сказать, что действующая редакция Закона «Об исполнительном производстве и статусе судебных исполнителей» уже предусматривает механизм незамедлительной блокировки счетов частных судебных исполнителей, действие лицензий которых было отменено или приостановлено, и предоставления доступа к этим счетам частному судебному исполнителю, которому было передано это исполнительное производство. В связи с этим мы не видим необходимости внесения изменений в закон.

Кроме того, хотелось бы отметить, что в ближайшее время этот процесс будет автоматизирован, для этого не потребуется внесения изменений в закон, и эта передача дел будет практически незаметна для участников процесса. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Ниязова Нурия Исмагиловнаға беріледі.

НИЯЗОВА Н.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Вопросы адресованы вице-министру юстиции Республики Казахстан.

Статья 102-1 предусматривает обязательное перечисление алиментных платежей на специальный банковский счет, защищенный от наложения ареста.

В этой связи прошу пояснить.

Каким образом данный механизм будет обеспечивать целевое использование алиментных средств исключительно в интересах несовершеннолетнего ребенка?

Предусматривается ли возможность снятия средств наличными?

Будут ли установлены ограничения на приобретение с данного счета алкогольной продукции, табачных изделий, участие в азартных играх и иные расходы, не связанные с содержанием несовершеннолетнего ребенка? Если такие ограничения не предусмотрены, какие механизмы контроля предполагаются для защиты интересов и прав детей? Рақмет.

ТӨРАҒА. Дәниел Мерейұлы, жауап беріңіз.

ВАИСОВ Д.М. Спасибо за вопросы. Очень хорошие вопросы.

Хотелось бы отметить, что данная норма направлена исключительно на защиту алиментных платежей от различного рода блокировок и взысканий, потому что наша практика, основанная на рассмотрении жалоб заявителей, показывает, что частный судебный исполнитель зачастую не видит, что эти деньги являются алиментными платежами, так как до настоящего времени получатель алиментных платежей предоставлял общие счета, поэтому на них накладывается арест.

Данная норма эту проблему решит на 100 процентов. Когда будет специальный счет, он будет защищен от различного рода взысканий.

Что касается расходования этих средств и их снятия, мы этот вопрос очень детально обсуждали, в том числе и в стенах Сената, это очень сложный, комплексный вопрос, чтобы каждый раз не выходить с поправкой.

Какие операции связаны с несовершеннолетними детьми, а какие не связаны – этот вопрос потребует более детальной проработки, мы его дополнительно внесем.

ТӨРАҒА. Но в целом вопрос очень актуальный. Вопрос же не только в том, чтобы защищать эти деньги от каких-то взысканий, но и в том, чтобы они не использовались нецелевым образом. Правильно? Если они используются нецелевым образом, о чем говорила Нурия Исмагиловна, тогда в чем смысл?

Думаю, что вам надо еще поработать и, видимо, отрегулировать этот вопрос на подзаконном уровне.

Құрметті әріптестер, келесі сөз депутат Рахметова Әсем Қалашбайқызына беріледі.

РАХМЕТОВА Ә.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым да Әділет вице-министріне.

Құрметті Дәниел Мерейұлы! Қаралып отырған заң аясында «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына жеке сот орындаушыларын аттестациялауға қатысты жаңа норма енгізіледі және ол үш жылда бір рет өткізілетін болады. Азаматтар тарапынан түсетін жеке сот орындаушыларының заң және кәсіби этика нормаларының жиі бұзылуына қатысты шағымдарын ескеретін болсақ, бұл қолдауға тұратын қадам. Дегенмен аттестациялауды қай орган жүргізетінін нақтылай кетсек және бұл норма қабылданса бүгінде жұмыс істеп жүрген жеке сот орындаушылары аттестациядан өтуге міндетті болады ма, әлде заң нормасы күшіне енгеннен кейін тағайындалатын жеке сот орындаушыларына қатысты ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Дәниел Мерейұлы, жауап беріңіз.

ВАИСОВ Д.М. Сұрағыңызға рақмет. Бұл мәселе өте маңызды, біз бұл мәселені жан-жақты талқыладық.

Жеке сот орындаушыларын аттестациялау институты алғаш рет енгізіліп жатыр. Сондықтан оны өткізу тәртібіне қатысты мәселелердің бәрі мына заңда қарастырылған. Аттестаттауды өткізу тәртібін өкілетті орган айқындайтын болады. Все частные судебные исполнители будут проходить аттестацию, а в последующем они будут проходить аттестацию один раз в три года.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Жанна Бейсентайқызы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Тастекеев Қайрат Құлбайұлына беріледі.

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Атқарушылық іс жүргізудің мақсаты – заңмен қорғалатын мүдделерді, бұзылған немесе даулы құқықтарды қалпына келтіруді қамтамасыз ету. Бүгінгі таңда атқарушылық іс жүргізудің тиімділігі мәселесі аса өзекті және соңғы жылдары оған ерекше назар аударылуда. Сот актілерінің орындалуы азаматтар мен қоғамның сот жүйесіне деген сенімін нығайтудың маңызды шарты.

Әділет министрлігінің мәліметтері бойынша бүгінгі күні жеке сот орындаушыларының саны 2 мың 83 адамды құрайды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша өндіріп алушыларға қайтарылған сома 557,6 миллиард теңгені құрады, ал мемлекет кірісіне 63,4 миллиард теңге өндірілді. Сонымен қатар мемлекеттік сот орындаушылары мемлекет пайдасына 3,4 миллиард теңге мөлшерінде атқарушылық санкция өндірді.

Заңда қарастырылып отырған түзетулер ең алдымен атқарушылық іс жүргізудегі азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды нығайтуға, жеке сот орындаушыларының кәсібилігі мен жауапкершілігін арттыруға және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіруге бағытталған.

Уәкілетті органның ақпаратына сәйкес азаматтар тарапынан жеке сот орындаушыларының кәсіби ар-намыс кодексін сақтамауына, атқарушылық іс жүргізу туралы заңнама нормаларының бұзылуына қатысты шағымдар түсіп жатады. Осы орайда заңмен жеке сот орындаушысының қызметін бақылау күшейтіледі. Тексеру қорытындысы бойынша әділет органдары бұзушылықтарды жою туралы ұсыныстар енгізеді, ал оларды қараусыз қалдыру немесе тиісті шаралар қолданбау жеке сот орындаушыларының лицензиясын тоқтата тұруға негіз болады. Осыған байланысты бүгінгі қаралып отырған заң атқарушылық іс жүргізуді одан әрі дамытудағы уақытылы және маңызды қадам болып саналады.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандарды ескере келе мен қаралып отырған заңды қолдаймын және оны қолдауға әріптестерімді де шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдияұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауға енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған әріптестер, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, дербес деректерді қорғау, жол жүрісі және көліктегі озық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Есбай Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ЕСБАЙ А.Ғ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, дербес деректерді қорғау, жол жүрісі және көліктегі озық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Аталған заң Парламент депутаттарының бастамашылығымен әзірленген.

Заң жол инфрақұрылымын басқаруды және жол қауіпсіздігін цифрландыруды ілгерілетуді, жүргізушілерді даярлау саласындағы кәсіпкерлік қызметті жетілдіруді, көліктегі озық технологияларды заңнамалық реттеуді, сондай-ақ киберқауіпсіздікті нығайтуды және жеке деректерді қорғауды одан әрі дамытуға бағытталған.

Заңмен Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Кәсіпкерлік кодексіне, Еңбек кодексіне, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, Әлеуметтік кодекске және Бюджет кодексіне, сондай-ақ қолданыстағы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Бірінші. Көлік заңнамасын жетілдіру шеңберінде пилотсыз көлік құралдары мен әуе мобильдігін (аэротакси) дамытуды реттеу және автожол саласын одан әрі дамыту бойынша заңнамалық түзетулер ұсынылған.

Пилотсыз көлік құралдарын пайдалануды реттейтін кейбір заңнамалық актілерге «пилотсыз автокөлік құралы», «пилотсыз әуе кемесі», «пилотсыз теміржол көлігі құралы» аппараттық ұғымдары енгізіледі және бұған инфрақұрылымды қалыптастыру, пилотсыз көлік құралдарын қолдану тәртібін анықтауға қатысты нормалар қарастырылған. Сондай-ақ жол инфрақұрылымын басқарудың тиімділігін арттыру, жол жұмыстарын жоспарлау және қаржыландыру процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету, автожол саласына заманауи цифрлық шешімдерді енгізуді көздейтін түзетулер енгізілген.

Екінші. Жол қозғалысы қауіпсіздігінің деңгейін арттыру мақсатында көлік жүргізуге медициналық қарсы көрсетілімдері бар азаматтардың көлік құралдарын басқаруға жол бермеу үшін медициналық деректерді (диагнозды ашпай) Ішкі істер министрлігінің цифрлық дерекқорына интеграциялауға, жол ережелерін бұзуды тіркейтін мемлекеттік органдардың көлік құралдарына орнатуға қатысты нормалар ұсынылған. Сонымен бірге

көлік жүргізушілерін даярлау жөніндегі оқу ұйымдарының қызметіне мемлекеттік бақылауды ендіру және автомектептер жұмысына рұқсат беру тәртібін және осындай рұқсат алу үшін талаптарды енгізуге және ақпараттық жүйе арқылы оқу процестерін қадағалау үшін оқу ұйымдарының тізілімін қалыптастыру қарастырылған.

Үшінші. Киберқауіпсіздікті күшейтуге және дербес деректерді қорғау тетіктерін дамытуға бағытталған түзетулер қаралған. Осы орайда ұлттық қауіпсіздік органдарының аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізудегі өкілеттіктері кеңейтіледі. Еңбек заңнамасы жұмыс берушілердің қызметкерлерді киберқауіпсіздік талаптарымен таныстыру мен олардың лауазымдық міндеттерінде белгілеу және аталғандардың сақталуына жұмыс берушілермен ішкі бақылауды жүзеге асыруын міндеттейтін нормалармен толықтырылған. Сондай-ақ дербес деректер идентификаторлары, деректерді бүркемелеу және хэштеу, дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыратын тұлғалардың тізілімі сияқты жаңа ұғымдар енгізіледі. Цифрлық объектілерден дербес деректерді бөлек файлдарға немесе цифрлық тасымалдағыштарға тиісті келісімсіз көшіруге тыйым салу, дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылу тізілімін енгізу, өңделетін деректер көлеміне қарай дербес деректердің меншік иелері мен операторларын сыныптау көзделеді. Бұдан басқа қоғамдық тәртіпті бақылау, қылмыспен күресу және азаматтардың қауіпсіздігі үшін Ұлттық бейнемониторинг жүйесі енгізіледі. Мемлекеттік қайырымдылық цифрлық платформасы және қайырымдылық ұйымдарының тізімін қалыптастыруға, көші-қон қауіпсіздігін күшейтуге және шекараның цифрлық жүйелерін қорғауға арналған нормалар ұсынылған.

Заң тиісті мемлекеттік органдардың өкілдері және сала мамандарының қатысуымен өткен комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты талқыланды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұрақты комитеттерінен заңның тұжырымдасы бойынша ұсыныстар мен ескертулер түскен жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Баяндалғандардың негізінде Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, дербес деректерді қорғау, жол жүрісі және көліктегі озық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Сенат отырысының қарауына енгізеді және Сенат Регламентінің 58-тармағына сәйкес бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Больгерт Евгений Андреевичке беріледі.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован представителям Министерства искусственного интеллекта и цифрового развития и Министерства внутренних дел.

Законом вводится институт электронного резидентства («eResident»), который позволяет иностранным гражданам и лицам без гражданства получать ИИН, проходить

биометрическую идентификацию и пользоваться рядом услуг Республики Казахстан без физического присутствия на ее территории.

Данная новелла направлена на повышение инвестиционной привлекательности страны и развитие цифровой экономики, однако одновременно затрагивает вопросы идентификации личности, противодействия мошенничеству и обеспечения достоверности сведений, предоставляемых иностранными гражданами.

В этой связи у меня возникает вопрос: какие правовые механизмы предусмотрены для проверки достоверности личности электронного резидента и предотвращения использования статуса «eResident» в целях легализации преступных доходов, мошенничества либо создания фиктивных субъектов предпринимательства? Спасибо.

ТӨРАҒА. Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Мұсалиев Досжан Уалдинұлы, жауап беріңіз.

МҰСАЛИЕВ Д.У. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Спасибо за вопрос, Евгений Андреевич.

Система «eResident» в пилотном режиме в Казахстане уже работает, оператором является Министерство внутренних дел.

Касательно тех вещей, о которых Вы говорите, есть международная система, которая полностью проверяет человека по нескольким параметрам, в первую очередь это биометрия (лицо, движение). Кроме того, есть другие системы, которые по KYC проверяют. Есть международные базы Интерпола, каких-то международных организаций, которые имеют интеграцию с базой Министерства внутренних дел. По итогам этих проверок уже принимается решение государственным органом. Спасибо.

ТӨРАҒА. Ішкі істер министрінің орынбасары Әділов Санжар Әскенұлы, енді сіз жауап беріңіз.

ӘДІЛОВ С.Ә. Уважаемый Евгений Андреевич, спасибо за вопрос.

Прежде всего хотелось бы отметить, что проверка лица при получении статуса «eResident» охватывает комплексную проверку биометрической идентификации. Также проводится проверка подлинности предоставляемых документов. Здесь используются международные стандарты ИКАО, используются машиносчитывающие машинки, проверяем электронные чипы паспортов.

Более того, все кандидаты на статус «eResident» проходят проверку по базам правоохранительных и специальных органов.

Кроме того, в случае осуществления предпринимательской деятельности в статусе «eResident», то обязательно на общих основаниях становится субъектом проверки со стороны наших фискальных, налоговых служб. В целом какие-либо вопросы анонимности либо освобождения от государственного контроля здесь недопустимы.

В целом хочу отметить, что невозможно использовать статус «eResident» для осуществления противоправной, а порой преступной деятельности. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Карплюк Сергей Алексеевичке беріледі.

КАРПЛЮК С.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы представителю Министерства внутренних дел.

В рамках предлагаемых поправок предусматривается введение специальных государственных регистрационных номеров для электромобилей с зеленым фоном. Вместе с тем введение нового вида номерных знаков потребует дополнительных организационных мероприятий, в частности, разработки и утверждения новых стандартов, модернизации информационных систем, адаптации камер фото- и видеофиксации, изготовления новых номерных знаков и их администрирования.

В связи с этим вопросы.

Проводилась ли оценка финансовых и организационных затрат государства на реализацию данной инициативы?

Не рассматривались ли менее затратные механизмы идентификации электромобилей, например, через существующие государственные базы без введения отдельных дополнительных номерных знаков? Спасибо.

ТӨРАҒА. Санжар Әскенұлы, жауап беріңіз.

ӘДІЛОВ С.Ә. Уважаемый Сергей Алексеевич, спасибо за вопросы.

На сегодня Министерство внутренних дел в лице РГП «Информационно-производственный центр Министерства внутренних дел Республики Казахстан» осуществляет изготовление государственных регистрационных номеров.

Здесь необходимо отметить, что с поставщиками этой услуги мы уже проработали этот вопрос, дополнительных затрат от государства на изготовление специальных государственных номеров для электромобилей не будет, потому что предусматривается только изменение цветового фона. Мы предлагаем отлагательную норму – через полгода, за это время поставщик проработает, и ни одного тенге из бюджета на эти положительные, необходимые и актуальные изменения потрачено не будет. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өкіліне.

Закон предусматривает внедрение системы управления движением беспилотных воздушных судов (UTM) и развитие аэромобильности в Казахстане.

Учитывая стратегическую значимость данных инициатив для транспортной отрасли, обеспечения безопасности и развития экономики, возникают следующие вопросы.

Какие механизмы предусмотрены для защиты UTM-системы от кибератак, не санкционированного вмешательства в управление воздушным движением и утечки данных?

Проводился ли анализ экономической эффективности внедрения UTM-системы и развития аэромобильности?

Каковы прогнозируемый объем рынка, сроки окупаемости инфраструктуры и ожидаемый вклад в экономику? Рақмет.

ТӨРАҒА. Санжар Әскенұлы, жауап беріңіз.

ӘДІЛОВ С.Ә. Бауыржан Нұралыұлы, сұрағыңызға рақмет.

Действительно, по UTM-системе, возможно, нужно будет разделить вопросы на две части.

Что касается экономической составляющей, наверное, ответят мои коллеги из уполномоченного государственного органа, обладающие данной компетенцией.

Что касается компетенции Министерства внутренних дел, то к этой UTM-системе были предусмотрены очень жесткие требования. Она будет внедрятся в Реестр цифровых доверенных объектов. Мы будем принимать все меры совместно со уполномоченными специальными и уполномоченными государственными органами, обеспечивая недопущение кибератак и успешное функционирование вводимой новой цифровой системы. Рақмет.

ТӨРАҒА. Досжан Уалдинұлы, қосатыныңыз бар ма?

МҰСАЛИЕВ Д.У. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Әріптесіммен толық келісемін.

ТӨРАҒА. В целом важный закон, и наши коллеги поднимают важные проблемы.

Я хотел бы добавить. В рамках этого закона в дальнейшем предусматривается, что операторы связи будут подключаться к системе централизованного управления сетями телекоммуникаций для обеспечения безопасности, противодействия кибератакам и так далее.

Досжан Уалдинұлы, наверное, это больше по линии вашего ведомства. Если операторы связи подключаются к этой системе, они должны оплачивать услуги аренды портовой емкости для присоединения своих сетей к данной системе. Это говорит о дополнительных расходах, и вам надо в дальнейшем проработать механизм, чтобы эти дополнительные расходы операторов не легли в тарифы на интернет для населения.

Мы же в целом контролируем тарифы, а тарифы на интернет – это тоже достаточно чувствительная часть, все люди сейчас пользуются интернетом, кто-то для себя, кто-то для бизнеса. Необходимо за этой нормой закона дальше прорабатывать механизм, как сделать, чтобы дополнительные затраты не были включены в тарифы на интернет. Как это сделать, вам надо подумать. Есть новые, современные технологии, подходы, нужно посмотреть опыт других стран. Механически эту норму закона исполнять нельзя, ее надо исполнять продуманно, осмысленно, чтобы не создать проблем нашему населению.

Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Амангелді Ғабдылкәрімұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Рахметова Әсем Қалашбайқызына беріледі.

РАХМЕТОВА Ә.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, дербес деректерді қорғау, жол жүрісі және көліктегі озық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қоғамда ерекше маңызға ие әлеуметтік мәселелерді реттеуге бағытталған.

Бүгінде цифрландыру өмірімізге қарқынды енуде. Осы орайда жеке деректерді қорғау мен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету өте маңызды. Заңмен азаматтардың жеке деректерін қорғау туралы конституциялық норманы іске асыруды жаңа деңгейге көтеретін нормалар қарастырылған.

Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында цифрлық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне мемлекеттік бақылау функциясы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне беріледі. Ұлттық бейнемониторинг жүйесі енгізіледі. Жүйе қоғамдық тәртіпті бақылау мен азаматтардың қауіпсіздігі үшін жұмыс жасайтын болады. Сонымен қатар жекелеген процестер мен салаларды цифрландыру бойынша да өзгерістер ұсынылады. Бұдан басқа көлік саласын цифрландыру арқылы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған нормалар қарастырылған. Жолдардың сапасы мен жағдайын бақылайтын цифрлық жүйе ендіріледі. Бұл өз кезегінде жол активтерін басқаруды цифрландыру, жөндеу жұмыстарының ашықтығын көрсету, жол сапасын бақылауды күшейту және қаржыландыру тетіктерін жетілдіріп жол инфрақұрылымын басқарудың тиімділігін едәуір арттыратын болады. Сондай-ақ көліктегі озық технологияларды реттеу бойынша жаңа нормалар ұсынылып отыр. Бір кездері ертегідей көрінген пилотсыз аэротакси, жолаушы дрондары, ұшқышсыз автомобиль және автоматтандырылған теміржол көлігінің қызметтері заңға енген. Бұл жаңалықтар еліміздің көлік инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтеруге және әлемдік технологиялық үрдістерге сәйкес келуге мүмкіндік береді. Осылайша Қазақстан пилотсыз аэротакси қызметін регламенттеген алдыңғы елдердің қатарына енгелі отыр.

Қауіпсіз жолдар, заманауи көлік қызметтері және тиімді логистикалық жүйе экономиканың дамуына және халықтың жайлы өмір сүруіне қызмет ететін болады.

Құрметті әріптестер, осыған байланысты заңды қолдаймын және оның қоғам үшін маңыздылығын ескере отырып сіздерді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, дербес деректерді қорғау, жол жүрісі және көліктегі озық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, дербес деректерді қорғау, жол жүрісі және көліктегі озық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауға енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне телекоммуникациялар нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Рысбекова Ләззат Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы өзінің «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында елдің цифрлық инфрақұрылымын одан әрі дамыту, заманауи технологияларды енгізу және цифрлық қызметтердің сапасын арттыру қажеттігін атап өтті.

Рассматриваемый сегодня закон направлен на развитие рынка телекоммуникаций, повышение качества и доступности услуг связи, развитие центров обработки данных, а также создание условий для дальнейшей цифровой трансформации экономики.

Во-первых, законом предусматриваются меры по повышению качества и доступности услуг связи. В частности, гражданам будет обеспечен бесплатный доступ к социально значимым государственным сервисам, таким как «eGov», «eGov Business», «eOtinish» и другим, даже при отсутствии средств на счетах мобильной связи.

Совершенствуется система верификации абонентских устройств сотовой связи путем передачи соответствующих функций Государственной радиочастотной службе, что позволит обеспечить законный оборот мобильных устройств и сократить теневой импорт телефонов.

Ввоз усилителей сигнала сотовой связи будет осуществляться операторами связи. Это связано с тем, что использование несертифицированного оборудования может создавать помехи для работы сетей связи и ухудшать качество связи для других абонентов.

Отдельные поправки направлены на повышение эффективности работы единой дежурно-диспетчерской службы «112» путем предоставления дополнительных инструментов для оперативного реагирования при чрезвычайных ситуациях.

Во-вторых, создаются дополнительные условия для развития телекоммуникационной инфраструктуры, совершенствуется порядок использования радиочастотного спектра как ограниченного государственного ресурса, обновляются условия деятельности негеостационарных спутниковых систем связи, включая современные спутниковые технологии доступа к интернету.

Кроме того, упрощаются процедуры строительства объектов связи. Речь идет о снижении административных барьеров при размещении антенно-мачтовых сооружений и иной инфраструктуры связи, что позволит быстрее расширять покрытие мобильной связью и интернетом, в том числе в сельских, отдаленных и труднодоступных населенных пунктах.

Также обеспечивается транзит международного трафика, что имеет значение для развития Казахстана как регионального цифрового хаба и размещения крупных центров обработки данных.

В-третьих, законом предусмотрены меры по развитию центров обработки данных и привлечению инвестиций в цифровую инфраструктуру. Центры обработки данных становятся базовой инфраструктурой для развития искусственного интеллекта, облачных сервисов, хранения и обработки государственных информационных ресурсов.

С учетом их значения для цифровой безопасности и устойчивого функционирования государственных информационных систем центры обработки данных будут относиться к стратегическим объектам. Одновременно вводится уведомительный порядок их ввода в эксплуатацию. Это позволит государству вести учет таких объектов, понимать их параметры и обеспечивать необходимое взаимодействие с владельцами центров обработки данных по вопросам безопасности и устойчивости инфраструктуры.

Кроме того, законом предусматривается механизм привлечения частных инвестиций в модернизацию действующих электростанций, прежде всего угольной генерации с участием центров обработки данных и субъектов цифрового майнинга в качестве долгосрочных потребителей электроэнергии.

Смысл данного механизма заключается в том, что инвестор модернизирует действующую электростанцию или увеличивает ее мощность без обязательств государства по возврату инвестиций. Часть прироста мощности может реализовываться напрямую центрам обработки данных и субъектам цифрового майнинга, а оставшаяся часть направляется в общую энергосистему.

Таким образом, данные нормы позволят обновлять изношенные энергетические мощности, создавать дополнительные источники электроэнергии для цифровой экономики и при этом не увеличивать нагрузку на население и действующую энергосистему.

Құрметті әріптестер! Осыған байланысты Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып, аталған заңды Сенат отырысының қарауына енгізеді және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 58-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне телекоммуникациялар

нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің өкіліне.

Қарастырылып отырған заңға сәйкес жылу электр орталықтарына өзінің қуаттылық өсімінің 70 пайызына дейінгі бөлігін ірі деректерді өңдеу орталықтарына және майнинг компанияларға шекті тарифтен жоғары болатын келісімшарттық бағамен тікелей сатуға құқық беріліп отыр. Сонымен қатар заң уәкілетті органға осы қызметтен түсетін кірістерді қалған тұтынушылар үшін тарифтерді қайта қарау кезінде есепке алуға тікелей тыйым салады. Нәтижесінде энергетикалық компаниялар айтарлықтай қосымша қаржылық кіріс алады, алайда бұл қарапайым халық үшін тарифтік жүктеменің төмендеуіне әсер етпейді. Осыған байланысты менде сұрақ бар.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Энергетика министрлігімен бірлесіп аталған кірістердің мақсатты түрде пайдаланылуына қаржылық бақылауды қандай тәртіппен жүзеге асыруды жоспарлап отыр? Сондай-ақ деректерді өңдеу орталықтарынан түсетін табыстың жылу электр орталықтарының инфрақұрылымын нақты жаңғыртуға жұмсау және осы бағытты қамтамасыз ететін нақты тетіктер заңнамада көзделген бе? Әлде бұл қаражаттың өзге мақсаттарға жұмсалуына жол беруге мүмкіндік бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Досжан Уалдинұлы, жауап беріңіз.

МҰСАЛИЕВ Д.У. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Бекбол Тілеумұратұлы, сұрағыңызға рақмет.

Иә, осы заңда инвесторларды тартып, ол инвесторлар қазіргі күнгі жылу электр орталықтарына инвестиция құйып, жаңадан алынған энергияның 70 пайызын өзіне алуға және 30 пайызын халыққа, басқа да тұтынушыларға беру көзделген. Бұл жерде тарифтер ешқандай әсер бермейді. Мысалы, жылу электр орталығы қазіргі қуатымен 100 мегаватт өндіріп жатса, ол жылу электр орталығын жөндеп, қуатын өзгертіп 200 мегаватқа көтерсе, сол үстіндегі 100 мегаваттан 30 мегаватт халыққа және басқа да тұтынушыларға беріледі, ешқандай тариф көтерілмейді. Ал 70 пайызын инвестор өзінің шығындарын қайтаруға қолданады. Осылайша Қазақстанның тұтынушылары, тариф өзгермей, қосымша қуат алуға мүмкіндік алады және мемлекет жылу электр орталықтарын өңдеуге мүмкіндік алады. Сонымен бірге инвесторлар өз ақшаларын келісімге байланысты мерзімі өткеннен қайтаруға мүмкіндік алады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Демек сол майнерлерден және арнайы деректермен жұмыс істейтін орталықтардан қосымша түсіп жатқан қаржылар жылу электр орталықтарының тарапынан сол инфрақұрылымды жаңғыртуға жіберілетін болады ғой? Тек қана сол бағытқа, басқа бағыттарға жұмсалмайды ма?

МҰСАЛИЕВ Д.Ұ. Иә. Жылу электр орталығының меншік иелерімен, яғни сонда істеп жатқан адамдар мен инвесторлар келісімге отырады. Инвестор салған ақшасының 70 пайызын кейін қайтарады.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.
Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.
Менің сұрағым Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігіне.
Еліміздегі туристік әлеуеті жоғары аумақтарды сапалы интернетпен қамтамасыз ету үшін сіздердің тараптарыңыздан қандай жүйелі шаралар қабылданып жатыр? Спутниктік байланыс технологияларын пайдалана отырып шалғайдағы туристік нысандарды интернет желісіне қосу жөнінде нақты жоспарларыңыз бен белгіленген мерзімдер бар ма? Болса айтып кетсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Досжан Уалдинұлы, жауап беріңіз.

МҰСАЛИЕВ Д.У. Сұрағыңызға рақмет, Сәкен Қаланұлы.
Иә, алдыңғы жылы және биыл біз бірнеше инвестормен келісімшартқа қол қойдық. Оның ішінде «Қазақтелеком» компаниясымен 3 мыңға жуық ауылдық мекенге оптикалық интернет апару және «Транстелеком» компаниясымен Қазақстанның облыстық және республикалық маңызы бар жолдардың бәрін интернетпен қамтамасыз ету. Сонымен қатар «Соңғы миля» жобасының аясында 1 мың 500-ге жуық ауылдық мекенге оптикалық интернетті жеткізу жобасы бар. Оған қоса байланыс операторларының өз міндеттемелері бар, 2030 жылға дейін барлық ауылдық мекендерді 4D-ға ауыстыру керек.
Сонымен қатар сіз айтып кеткендей, бізде шалғай аудандар бар, туристік жерлер бар, ол жерлерге кейде оптикалық кабельді алып бару экономикалық жағынан тиімсіз болуы мүмкін. Сондықтан осы заң аясында спутниктік интернетті заңдастыру туралы нормалар көзделген. Қазіргі таңда «KazSat», «Starlink», «OneWeb» компаниялары жұмыс істеп жатыр. Солар арқылы шалғай аудандарды, туристік зоналарды интернетпен қамтамасыз ету көзделіп отыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.
Сөз депутат Есбай Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ЕСБАЙ А.Ғ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.
Менің сұрағым да Досжан Уалдинұлына.

Қарастырылып отырған заң халықтың цифрлық теңсіздігін еңсеруге бағытталған, оларға деректерді өңдеу орталықтарының дамуын ынталандыратын телекоммуникация саласындағы заңнамалық нормалар енгізіледі. Сонымен қатар деректер өңдеу орталықтары экономикалық өсуге және халықаралық ойыншыларды тартуға ықпал ететін цифрлық экожүйенің маңызды элементтері болып табылады. Мәселен, еліміз бойынша 2030 жылға қарай IT-тіреуіштер санын 4 мыңнан 20 мыңға дейін ұлғайту және Tier III-IV деңгейіндегі кемінде тоғыз деректерді өңдеу орталықтарын құру жоспарланып отыр. Осыған байланысты келесі сұрақтар туындайды.

Бірінші. Қазақстанға халықаралық технологиялық компаниялар мен деректерді өңдеу орталықтары операторларын тарту үшін қандай нақты шаралар мен тетіктер көзделген?

Екінші. Осы бастамаларды іске асыру елдің кибертұрақтылығын арттыруға және өңірлер арасындағы цифрлық теңсіздікті қысқартуға қалай ықпал ететін болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

МҰСАЛИЕВ Д.У. Сұрақтарыңызға рақмет.

Құрметті Амангелді Ғабдылкәрімұлы, осы заңда дата-орталықтарға қатысты нормалар көзделген. Сіз атап өткендей 2030 жылға дейін 9 дата-орталық құру көзделген. Олардың ішінде «China Energy», «Akashi» компанияларымен бізде қазіргі таңда келісім бар. Олар Алматы, Астана қалаларында құрылып жатыр. Оған қоса Қазақстан географиялық жағынан Евразияның ортасында болғандықтан бұл жерді дата-хабқа айналдыру жөнінде стратегиямыз бар.

Біріншіден, жаңа айтып кеткендей қазір Екібастұз қаласының қасында ДДО (ЦОД) – «дата-орталықтар алқабы» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Ол жерде гиперскейлер, яғни Microsoft, Amazon компанияларын бізге тарту үшін арнайы ынталандыру (стимул) шаралары жасалып жатыр. Ол салықтық ынталандыру, сондай-ақ мемлекет сол жердегі инфрақұрылымды өз мойнына алады. Тікелей сол компаниялармен жұмыс істеп, осындай ынталандыру шаралары арқылы оларды Қазақстанға тарту көзделіп отыр.

Сонымен қатар кибертұрақтылық мәселесінің Қазақстанның кибертұрақтылығына тікелей байланысы бар. Өйткені қазіргі біз қолданып отырған әртүрлі сервистердің бәрі бұрын сыртта болса (шетелде), енді ол Қазақстанда болады. Ол жердегі ақпараттардың барлығы ешқайда кетпейді және сол елді мекендердегі адамдардың сол жерге жұмысқа тұруына, сондай-ақ осы саланы дамытуға көмек береді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ләззат Тұяқбайқызы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Соңғы жылдары цифрлық технологиялар азаматтардың, бизнестің және мемлекеттің күнделікті өмірінің ажырамас

бөлігіне айналды. Бүгінгі таңда телекоммуникациялық инфрақұрылымның, деректер орталықтарының және заманауи цифрлық сервистердің дамуы экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне және халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді.

Әріптесім Ләззат Тұяқбайқызы қаралып отырған заңның негізгі ережелеріне егжей-тегжейлі тоқталып өтті. Осы заңды қолдай отырып, ұсынылған түзетулер үш негізгі блокты қамтитынын атап өткім келеді:

бірінші – байланыс қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттыру;

екінші – телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту;

үшінші – деректер орталықтарын дамыту және цифрлық инфрақұрылымға инвестициялар тарту.

Телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту маңызды бағыт болып табылады. Қазіргі заманғы спутниктік байланыс технологияларын дамыту үшін жағдайлар жасалады, радиожиілік спектрін пайдалану тәртібі жетілдіріледі, байланыс объектілерін салу рәсімдері жеңілдетіледі, бұл байланыс қызметтерінің қамтуын кеңейтуге және сапасын арттыруға ықпал ететін болады.

Жалпы, қарастырылып отырған заңды мен қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ.

Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне телекоммуникациялар нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне телекоммуникациялар нарығын және деректерді өңдеу орталықтарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарау мәселесін енгізуді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жануарлар дүниесі, орман және аңшылық шаруашылығы және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл екі заң бір-бірімен байланысты, сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса екі заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Өтеғұлов Арман Кәрімұлына беріледі.

ӨТЕҒҰЛОВ А.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға ұсынылып отырған заңдардың мақсаты – аңшылық саласын дамыту, жануарлар дүниесін сақтау, сондай-ақ қылмыстық және әкімшілік заңнаманы жетілдіру.

Заңдарда бақылауды күшейтуге, жауапкершілікті арттыруға және табиғи ресурстарды орнықты пайдалануға жағдай жасауға бағытталған бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген. Түзетулермен мемлекеттік табиғи қорықшаларда жабайы аң-құстарды қолдан өсіруді дамыту тетіктері енгізіледі, аңшылық жүргізу талаптары күшейтіліп, мерзімдері нақтыланады, сондай-ақ жойылып кету қаупі төнген жануарларды тіркеу тәртібін айқындау бойынша уәкілетті органның құзыреті белгіленеді.

Аңшылықты реттеу мақсатында жануарлар дүниесі объектілерін лимиттелетін және лимиттелмейтін түрлерге бөлу арқылы реттеу жөнінде түзетулер енгізіледі. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау инспекторларына жануарлар дүниесі объектілерінің санын реттеу жөніндегі өкілеттіктер беріледі.

Қорықшыларға қойылатын функционалдық талаптар күшейтіледі, сондай-ақ аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің республикалық қоғамдық бірлестіктер қауымдастықтарына қорықшыларды арнайы даярлауды ұйымдастыру міндеті жүктеліп отыр. Арнайы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану тәртібі де реттелетін болады. Сонымен қатар заңда аңшылық шаруашылығын жүргізу қызметін жүзеге асыру құқығының мұрагерлік ауысу тәртібі регламенттеледі. Бұдан бөлек аңшылық шаруашылығын жүргізу туралы шарттар бойынша құқықтарды беруге шектеулер енгізіледі. Бұл шаралар құқықтарды қайта сату және жалған делдалдықпен байланысты жосықсыз тәжірибелердің алдын алуға бағытталып отыр. Аталған шектеулер заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру кезіндегі құқықтық мирасқорлық жағдайына қолданылмайды.

Қылмыстық заңнамаға Президенттің жануарларға қатыгездікпен қарағаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік жөніндегі тапсырмасының аясында нормалар енгізіледі. Бұл шара жануарларды қорғауды күшейтуге, зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алуға және қоғамда гуманистік құндылықтарды нығайтуға бағытталған.

Заңмен қоршаған ортаны қорғау саласындағы жауапкершілік күшейтіліп отыр. Атап айтқанда, қоршаған ортаға эмиссияларды автоматтандырылған мониторинг жүйелерін орнату және пайдалану талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізіледі. Қалдықтарды басқару саласындағы экологиялық талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті реттейтін нормаларға да бірқатар түзетулер қаралып отыр.

Аталған екі заң жұмыс тобының отырыстарында жан-жақты талқылаудан өтті. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заңдардың тұжырымдамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Баяндалғанды ескере отырып, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті Сенат Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып заңдарды бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заңдар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Қожаев Марат Шәдетханұлына беріледі.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы представителю Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан.

В рассматриваемом законе наряду с вопросами охраны животного мира и ведения лесного и охотничьего хозяйства затрагиваются аспекты предпринимательской деятельности, включая условия осуществления хозяйственной деятельности в природоохранных зонах.

Так, согласно закону земли особо охраняемых природных территорий могут изыматься для реализации инвестиционных проектов по развитию туризма, предусматривающих инвестиции в размере не менее 2000000-кратного месячного расчетного показателя.

С учетом необходимости привлечения инвестиций, развития устойчивого природопользования и создания долгосрочных проектов в регионах для бизнеса принципиально важны стабильность правил, понятные процедуры и требования со стороны государства.

В этой связи у меня возникают два вопроса.

1. Как рассматриваемые законодательные изменения повлияют на инвестиционную привлекательность охотничьего и лесного хозяйства?

2. Имеется ли перечень инвестиционных проектов в сфере туризма для осуществления на землях особо охраняемых природных территорий? Рақмет.

ТӨРАҒА. Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Шәрбиев Нұркен Қожамұратұлы, жауап беріңіз.

ШӘРБИЕВ Н.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Уважаемый Марат Шадетханович, спасибо за вопросы.

Начну со второго вопроса касательно перечня инвестиционных проектов на землях особо охраняемых природных территорий.

В настоящее время в рамках развития концепции экологического туризма национальные парки подготовили соответствующие генеральные планы. Имеется перечень, практически в каждом национальном парке есть два-три инвестиционных проекта, но вместе с тем их инвестиции составляют от 50 до 100, максимум около 1 миллиарда тенге.

Принимаемые нормы позволят в целях увеличения инвестиционной привлекательности привлечь уже крупные проекты, долгосрочных крупных инвесторов, что позволит как раз таки в обязанностях этих инвесторов параллельно развивать строительство визит-центров, благоустройство экологических маршрутов, троп и так далее.

Кроме того, для них предусмотрен механизм конденсационной посадки деревьев, трехкратное на нелесопокрытой территории и шестикратное на лесопокрытой территории.

Считаем, что эти механизмы гарантируют привлечение крупных инвестиций в экологический туризм. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Экология және табиғи ресурстар вице-министріне.

Құрметті Нұркен Қожамұратұлы! Қарастырылып отырған заң ірі туристік жобалар үшін орман қоры жерлерін ауыстыратын инвесторларды міндеттейді. Жаңа өзіңіз айтқандай, олар орманды үш еселі немесе алты еселі мөлшерде өтемдік отырғызуды жүргізуге және оған алғашқы үш жыл бойы күтім жасауға тиіс. Алайда белгіленген мерзімнен кейін көшеттер қурап қалса немесе инвестор отырғызу жұмысын сапасыз орындаса не болатыны туралы ештеңе айтылмаған. Осыған байланысты сұрағым бар.

Міндетті үш жыл өткеннен кейін екпелердің сақталуы нашар болса немесе олар қурап қалса инвестор қандай жауапкершілік тартады және министрлік тарапынан бұл жерлерді ұзақ мерзімді бақылаудың қандай тетіктері қарастырылған? Рақмет.

ТӨРАҒА. Нұркен Қожамұратұлы, жауап беріңіз.

ШӘРБИЕВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Бекболат Серікбекұлы, сұрағыңызға рақмет.

В целом у нас предусмотрены компенсационные посадки, но хотелось бы отметить, почему установлено три года. В первые годы инвестор должен высадить стандартные сеянцы 15-20 сантиметров. Почему в течение трех лет? Так как именно в первые три года саженцы адаптируются к росту в естественных условиях. Именно в первые три года имеется

риск снижения приживаемости. В этой связи первые три года контролируют лесовладелец и контрольные службы территориальной инспекции Комитета лесного хозяйства. Если происходит снижение приживаемости, соответственно, инвестор обязан провести дополнительную посадку, дополнительный посев, привести в соответствие с нормами приживаемости. После трех лет тот участок, где проводилась посадка, передается во владение лесовладельцу. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бұқтұғұтов Шәкәрім Сабырұлына беріледі.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Экология және табиғи ресурстар вице-министріне.

Предлагаемым законом предусматривается цифровизация учета объектов животного мира путем перевода отчетности охотпользователей в электронный формат через государственные информационные системы. При этом в существующем законе уже предусмотрена отчетность охотпользователей, а предлагаемые изменения направлены на повышение эффективности администрирования и достоверности предоставляемых данных.

В этой связи у меня два вопроса.

1. Каким образом министерство будет обеспечивать достоверность сведений, вносимых охотпользователями в электронную систему?

2. Насколько будет независима объективная верификация, предоставленная охотпользователями, и как будет осуществлен государственный контроль в этом плане за отчетностью этих охотпользователей? Рақмет.

ТӨРАҒА. Нұркен Қожамұратұлы, жауап беріңіз.

ШӘРБИЕВ Н.Қ. Шәкәрім Сабырұлы, сұрағыңызға рақмет.

Как Вы правильно сказали, сейчас учет имеется, но он охотпользователями ведется на бумажном носителе. В этой связи нормы закона предусматривают ведение электронного учета через государственные системы посредством ЭЦП. Со своей стороны, территориальная инспекция лесного хозяйства проводит контрольные проверки учета и будет проводить. Если будет несоответствие учетных данных и контрольных проверок, соответственно, принимаются данные контрольных проверок и корректируются соответствующие лимиты. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Арман Кәрімұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңдарды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Охрана животного мира и развитие охотничьей отрасли являются важной частью экологической безопасности и устойчивого развития нашей страны.

Вместе с тем на практике мы сталкиваемся с рядом системных проблем, которые требуют законодательного решения, среди них недостаточная результативность контроля, разрозненность норм законодательства, а также слабые механизмы ответственности за нарушения в сфере охоты и использования охотничьих ресурсов.

Действующая правовая база во многом формировалась в иных условиях и сегодня не в полной мере отвечает современным вызовам. В частности, это отражается на состоянии популяций диких животных, росте случаев браконьерства и неэффективном использовании охотничьих угодий. В результате страдает целая экосистема.

В первую очередь рассматриваемый закон направлен на комплексное совершенствование законодательства в сфере животного мира и охотничьего хозяйства. Он уточняет правовые нормы, усиливает требования к охране и воспроизводству диких животных, а также формирует более четкие и понятные правила пользования охотничьими ресурсами, что позволяет повысить ответственность пользователей охотничьих угодий и усилить профилактику правонарушений.

Особо важно, что предлагаемые изменения ориентированы на рациональное и научно обоснованное управление животным миром. Закон создает условия для сохранения биологического разнообразия, восстановления численности диких животных и обеспечения баланса между интересами человека и природы. Такой подход соответствует международной практике и долгосрочным экологическим приоритетам государства.

В целом принятие данных законов позволит повысить эффективность охраны животного мира, укрепить правовые основы охотничьей отрасли и обеспечить сохранение природного наследия для будущих поколений.

С учетом изложенного я поддерживаю и призываю коллег поддержать данные законы. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жануарлар дүниесі, орман және аңшылық шаруашылығы және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңдарды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірменді әріптестер! Бүгінгі талқыланып отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жануарлар дүниесі, орман және аңшылық шаруашылығы және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауды күн тәртібіне енгізуді ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заңдар бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселелер бойынша шақырылған әріптестер, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы және бал ара шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы және ара шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылады.

Заң Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Асановтың, Кузиевтің және менің бастамаммен әзірленді. Аталған заң арқылы Қазақстан Республикасының «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Заңына, «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заңына және «Ара шаруашылығы туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Заңды әзірлеуге ара шаруашылығы саласында жинақталған бірқатар жүйелі мәселелер негіз болды. Бүгінгі күні бұл бағыттағы селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жеткілікті деңгейде дамымаған, импортқа тәуелділік сақталып отыр. Сонымен қатар карантиндік бақылаудың жеткіліксіздігі ара ауруларының таралу қаупін күшейтуде. Аталған факторлар саланың тұрақты дамуына кері әсерін тигізуде. Осы орайда қаралып отырған заңның мақсаты – ара шаруашылығы мен асыл тұқымды мал шаруашылығы салаларындағы заңнаманы жетілдіру, ара шаруашылығы субъектілерінің қызметін реттеу,

араларды қорғау, ұтымды пайдалану және өсімін молайту, сондай-ақ саланың өнімділігін арттыруға жағдай жасау.

Заңның негізгі новеллаларына келетін болсақ, ең алдымен терминологиялық базасы жетілдірілді. Атап айтқанда, «асыл тұқымды аналық бал ара», «аталық бал ара», «бал», «оқшауланған шағылыстыру пункті», «аспаптық ұрықтандыру пункті» және өзге де жаңа ұғымдар енгізілді. Бұл құқықтық реттеудің біркелкілігін және қолданылатын нормалардың дәлдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ араларды қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми-зерттеу және жобалау-іздестіру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың құзыреті кеңейтіледі.

Негізгі жаңашылдық – омартаның ветеринариялық паспортының енгізілуі. Ол омарталарды есепке алу және профилактикалық іс-шараларды жүргізу үшін міндетті құжат болады. Сонымен қатар заңға селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстардың жай-күйіне мемлекеттік бақылауды күшейтуге бағытталған нормалар енгізілген. Қазіргі уақытта мемлекеттік бақылау негізінен бюджеттік субсидиялар алатын субъектілерді есепке алу мен есептілікті жүргізу бөлігінде жүзеге асырылады. Ал асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік инспекторларға селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстардың жай-күйіне, сондай-ақ асыл тұқымды малдың өнімділігін бағалау мен индекстік бағалау қызметтерінің сапасына бақылау жүргізу өкілеттіктері беріледі. Сонымен қатар ара шаруашылығы саласында ел аумағында барлық тұқымдар бойынша бірыңғай республикалық палата құру көзделеді. Аталған норма саланы орталықтандыру мен үйлестіруді қамтамасыз етуге бағытталған. Бұдан бөлек жануарлардың барлық түрлері бойынша республикалық палаталардың уәкілетті органдары өз қызметтерінің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабардар ету міндеті белгіленді. Сонымен қатар заңда асыл тұқымды мал шаруашылығы мен ара шаруашылығы саласындағы негізгі мақсаттар, міндеттер мен қағидаттар бекітіліп, заң нормаларын Қазақстан Республикасының Конституциясына, қолданыстағы заңнамаға және заң техникасының ережелеріне сәйкес келтіруге байланысты редакциялық-нақтылау сипатындағы түзетулер енгізілді.

Құрметті әріптестер! Аталған түзетулерді іске асыру ара шаруашылығы және асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қолданыстағы заңнамалық базаны жетілдіруге, мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыруға және саланың одан әрі дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп сенеміз.

Заң бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінен ұсыныстар мен ескертулер түскен жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне асыл тұқымды мал шаруашылығы және ара шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Вопросы адресованы представителю Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан.

Пчелы играют важную роль в опылении многих сельскохозяйственных и дикорастущих растений. Уменьшение их числа может ухудшить опыление, снижая объем и качество урожая. Однако в последние годы в стране наблюдается сокращение популяции пчел, в частности, из-за токсичных растворов, распыляемых на полях, что вызывает их массовую гибель, а также ввоз пчел из других стран с различными болезнями, что, в свою очередь, приводит к распространению паразитов и опасных инфекций.

В целях снижения импортозависимости, несомненно, важно развивать отечественную базу селекции и матководства для улучшения качества пасеки.

В этой связи у меня возникают следующие вопросы.

Какие меры планирует принять ваше министерство для развития селекционно-племенной работы и генетических исследований в сфере пчеловодства?

Создается ли достаточная правовая предпосылка для этого в рамках рассматриваемого закона? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Бердалин Аманғали Бисенбайұлы, жауап беріңіз.

БЕРДАЛИН А.Б. Сұрағыңызға рақмет.

За последние годы в Республике Казахстан массовая гибель пчел не была зафиксирована.

На сегодня для запуска специализированных кредитных продуктов, в том числе для финансирования оборотных схем, правовой базы не существует. Этот закон устраняет этот пробел. Впервые вводятся понятия «специальный изолированный случной пункт», «пункт инструментального осеменения пчел», что создает правовую базу.

Кроме этого, предлагается ввести компетенцию местным исполнительным органам на проведение научно-исследовательских работ по программе 019.

Все это в совокупности создает возможность дальнейшего сохранения, развития и районирования пчел, в том числе местных популяций.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сұрағым Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бисенбайұлына.

Омарташылық ауыл шаруашылығының экономикалық, экологиялық және әлеуметтік маңызы жоғары салаларының бірі. Бал араларының өсімдіктерді тозаңдандырудағы рөлі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге де тікелей әсер ететіні сөзсіз. Сондықтан қаралып отырған заңды қолдаймын.

Осы заңда Қазақстан аумағындағы барлық ара шаруашылықтары үшін бірыңғай республикалық палата құру көзделіп отыр. Осыған байланысты сұрақ республикалық палатаның қызметінде ашықтық пен есептілік қағидаттарын қамтамасыз ету үшін қандай нақты тетіктер қарастырылған? Палатаның басқару органдарын қалыптастыру кезінде өңірлік омарташылардың, салалық бірлестіктердің және қоғамдық ұйымдардың пікірлері мен мүдделері ескеріле ме? Сондай-ақ палата қызметіне қандай қоғамдық бақылау жүргізіледі? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

БЕРДАЛИН А.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Біріншіден, бүгінгі күні республикалық палата «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Заңда қадағаланған жұмыстарды жасайды, оның міндеті мен негізгі құқықтары соған сәйкес жүргізіледі.

Екінші мәселе, осы заңмен бірыңғай республикалық бал ара палатасы құрылып отыр. Бұл сол салада жұмыс жасап жатқан бүкіл бал арасымен айналысатындардың бір жерге жиналуына мүмкіндік береді. Палатаның қоғамдық бақылау кеңесі бар, ол барлық бал арашылардың, ғылыми қызметкерлердің бірігіп мәселелерді қарап, шешім қабылдауына мүмкіндік береді деп есептейміз.

Жалпы, өздеріңіз білесіздер, бізде мемлекеттік бақылау бар. Біздер бүгінгі таңға дейін тек бюджеттен субсидия алатындарды бақылайтын болсақ, осы заң жалпы осы субъектілердің барлығын қадағалауға мүмкіндік береді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Жанболат Әкебайұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Кузиев Закиржан Пирмухамедовичке беріледі.

КУЗИЕВ З.П. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Пчеловодство в Казахстане является не только важной отраслью сельского хозяйства, но и значимым фактором обеспечения продовольственной безопасности, сохранения биоразнообразия и устойчивого развития агропромышленного комплекса страны.

Пчелы играют ключевую роль в опылении сельскохозяйственных культур, напрямую влияя на урожайность и качество продукции растениеводства, поэтому развитие пчеловодства имеет не только экономическое, но и стратегическое значение для государства.

На протяжении многих лет отрасль сталкивалась с рядом системных проблем, требующих комплексного законодательного регулирования. В этой связи группой депутатов был инициирован и разработан Закон Республики Казахстан «О пчеловодстве», который формирует комплексную правовую основу для дальнейшего развития отрасли.

Закон предусматривает меры по развитию селекционно-племенной работы, повышению продуктивности и улучшению племенных качеств пчелиных семей. Это

позволит укрепить отечественную племенную базу, обеспечить воспроизводство качественного пчелиного поголовья и снизить зависимость от импорта.

Особо важно, что впервые на законодательном уровне дано четкое определение понятия «мед» и установлено его отличие от медосодержащей продукции. Данная норма направлена на защиту потребителей от фальсифицированной продукции, повышение прозрачности рынка, обеспечение добросовестной конкуренции и создание дополнительных условий для продвижения качественного казахстанского меда.

Кроме того, законом предусмотрено усиление ветеринарного контроля, развитие научных исследований, совершенствование системы государственного регулирования, а также четкое разграничение полномочий государственных и местных исполнительных органов в вопросах охраны, воспроизводства и рационального использования пчел.

Принятие закона создаст благоприятные условия для устойчивого развития отечественного пчеловодства, повышения качества и конкурентоспособности продукции, расширения экспортного потенциала страны и укрепления позиций казахстанских производителей как на внутреннем, так и на внешних рынках.

Вместе с тем значение данного закона выходит далеко за рамки поддержки пчеловодов. Это вклад в обеспечение продовольственной безопасности государства, повышение урожайности сельскохозяйственных культур, сохранение биологического разнообразия и развитие сельской экономики.

Убежден, что реализация закона станет важным шагом в укреплении аграрного сектора страны и позволит создать эффективную систему поддержки и развития пчеловодства в Казахстане.

Уважаемые коллеги, прошу вас поддержать данный закон. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бал ара шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Мақұлданған заң бал ара және асыл тұқымды мал шаруашылықтарын дамытуға бағытталған. Атап айтқанда, бал араларының генетикалық қорын сақтауға, оларды асылдандыруға, өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға қатысты бірқатар түзету қарастырылып отыр. Сондай-ақ заң шеңберінде асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік реттеу тетіктері жетілдірілді.

Жалпы, бұл түзетулер аталған салаларды қарқынды дамытуға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Заңға бастамашы болған депутаттарға ризашылығымызды білдіреміз.

Осы заң бойынша шақырылған әріптестерге рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне машина жасауды дамыту және көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Бұқтұғұтов Шәкәрім Сабырұлына беріледі.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! На ваше рассмотрение вносится Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития машиностроения и транспорта».

Закон инициирован депутатами Парламента в рамках исполнения поручения Председателя Сената Ашимбаева Маулена Сагатхануллы, данного в ходе «круглого стола» по вопросам развития машиностроения в городе Костанае в ноябре 2024 года.

Целью закона является дальнейшее совершенствование законодательства в сфере машиностроения, приведение законодательства в сфере авиации в соответствие с международными стандартами, а также дебюрократизация деятельности государственных органов в транспортной отрасли.

Законом вносятся изменения и дополнения в два кодекса и 13 законов Республики Казахстан.

В рамках развития машиностроения предусматриваются нормы, направленные на повышение конкурентоспособности отечественных производителей, повышение эффективности функционирования специальных экономических зон, улучшение технологического процесса производства.

В частности, ряд поправок вносится в целях внедрения института промышленных кластеров. В основе промышленных кластеров лежит кооперационный принцип производства с участием малых и средних предприятий всех регионов страны. Это позволит стимулировать субъектов индустриально-инновационной деятельности к совместной реализации проектов и решению таких общих для отрасли проблем, как логистика, инфраструктурные и кадровые вопросы.

Также законом предусматриваются поправки направленные на повышение эффективности функционирования специальных экономических зон. Одной из новелл является установление встречных обязательств участников специальных экономических зон, направленных на применение товаров казахстанского происхождения в период строительства промышленно-инновационных проектов, а также использование отечественного сырья и материалов в производимой продукции.

Следующий блок поправок касается соглашений о промышленной сборке компонентов к транспортным средствам. Данная норма предлагается в целях увеличения производства транспортных средств и сельскохозяйственной техники с обязательным использованием шасси транспортных средств, произведенных в нашей республике.

Кроме того, законом внедряется механизм оценки баланса производственных мощностей. Это направлено на недопустимость оказания мер государственной поддержки новым проектам при наличии действующих производств, покрывающих внутренний баланс и спрос.

В рамках развития авиации поправки предусматривают регулирование полетов воздушных судов Казахстана в воздушном пространстве иностранных государств, а также внедрение механизма предоставления авиакомпаниям временных освобождений от требований казахстанского законодательства в соответствии со стандартами ИКАО.

Основной целью данных поправок является открытие прямого авиасообщения между Казахстаном и Соединенными Штатами Америки путем прохождения международной оценки безопасности авиации.

В рамках дебюрократизации деятельности государственных органов в сфере транспорта предусматривается исключение излишних и дублирующих норм.

Құрметті әріптестер! Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по концепции закона не имеют.

С учетом изложенного Комитет по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству в соответствии с пунктом 58 Регламента Сената Парламента рекомендует одобрить Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам развития машиностроения и транспорта» в первом чтении. Прошу поддержать. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Рысбекова Ләззат Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Вопросы адресованы представителю Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан.

Рассматриваемым законом предусмотрено расширение встречных обязательств при оказании мер государственного стимулирования. В частности, развитие внутристрановой ценности, повышение сложности технологического процесса производства, применение товаров казахстанского происхождения в период строительства промышленно-инновационных проектов, а также использование отечественного сырья и (или) материалов в производимой продукции.

В этой связи прошу более подробно изложить суть встречных обязательств.

Также прошу пояснить, каковы расчеты и прогнозы министерства относительно влияния встречных обязательств на увеличение доли казахстанского содержания, создание новых производств и в целом развитие отечественной обрабатывающей отрасли.

ТӨРАҒА. Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Сапарбеков Олжас Сапарбекұлы, жауап беріңіз.

САПАРБЕКОВ О.С. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Ләззат Тұяқбайқызы! Касательно встречных обязательств хотел бы сказать, что внесение дополнений по совершенствованию встречных обязательств позволит вовлечь продукцию наших обрабатывающих

предприятий, в том числе малые и средние предприятия, в оборот, тем самым увеличить локализацию производимой продукции, строительных работ и прочих услуг.

Это также благоприятно скажется на росте доли внутристрановой ценности и поспособствует развитию и загрузке мощностей в смежных производствах. Спасибо.

ТӨРАҒА. Олжас Сапарбекұлы, в целом в контексте развития обрабатывающей промышленности, о чем спрашивает Ляззат Туякбаевна, у Вас есть цифры и понимание, как именно такие встречные обязательства повлияют на обрабатывающую промышленность страны, какой будет эффект? Есть какие-то расчеты со стороны министерства?

САПАРБЕКОВ О.С. Маулен Сагатханулы, расчетов мы не производили, но в целом понимаем из опыта проводимых работ, что на сегодня при реализации проектов в свободной экономической зоне или в каком-то преференциальном режиме бывают моменты, когда не принимаются товары, произведенные в Казахстане.

Внесенный и рассматриваемый в настоящее время законопроект предусматривает весь комплекс мер, в том числе и встречные обязательства. Мы разделили все требования к участникам процесса, кто пользуется услугами, кто будет производить, тем самым вокруг всего создаем, можно сказать, понятие отраслевых кластеров, о чем сказал Шакарым Сабырович.

Мы ожидаем позитивных импульсов и поможем скооперироваться нашим предприятиям, особенно малым и средним предприятиям, которые не могут по тем или иным причинам участвовать в каких-то процессах, в том числе технологических, а также в крупных добывающих и перерабатывающих предприятиях. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Ершов Сергей Михайловичке беріледі.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, Маулен Сагатханулы.

Дело в том, что я подготовил вопрос к представителю экологии и природных ресурсов, а он ушел. Кому задавать вопрос?

ТӨРАҒА. Он присутствует.

ЕРШОВ С.М. Извините. Спасибо.

Еще раз скажу, вопрос адресован представителю Министерства экологии и природных ресурсов.

Законом в статью 389 Экологического кодекса вносится норма, обязывающая оператора РОП осуществлять возврат излишне или ошибочно уплаченных сумм утилизационного платежа в сверхкороткий срок – в течение пяти рабочих дней со дня обращения. Поскольку суммы утилизационных сборов по крупным партиям техники исчисляются сотнями миллионов тенге, установление пресекательного пятидневного срока делает невозможной полноценную верификацию достоверности таможенных, производственных и налоговых документов. Это создает риски реализации мошеннических

схем по ускоренному выводу средств Экологического фонда до проведения планового государственного аудита.

В этой связи прошу ответить на вопросы.

Каким образом министерством будет регламентирована процедура пятидневной верификации заявлений на возврат утилизационных платежей?

Какие автоматизированные алгоритмы контроля будут внедрены совместно с органами государственных доходов для предотвращения неправомерного вывода финансовых средств со счетов оператора РОП? Спасибо.

ТӨРАҒА. Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Ошурбаев Мансұр Тұрсынұлы, жауап беріңіз.

ОШУРБАЕВ М.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сергей Михайлович! Данный вопрос на сегодня очень актуален. Вы задаете конкретный вопрос касательно пяти рабочих дней.

На сегодня в рамках действующих правил по возврату излишне уплаченных средств предусмотрен семидневный срок, в которые оператор РОП должен обработать.

Теперь по механизму возврата.

Во-первых, подается заявка.

Во-вторых, оператор рассматривает полноту представленных документов.

В-третьих, чтобы ответить на Ваш вопрос, то есть пять дней не такой большой срок, потому что есть взаимодействие по получению дополнительной информации от Комитета государственных доходов по тем позициям, которые имеются в перечне, которые уплачивают утилизационный сбор. Есть функция: при полном предоставлении пакета документов – выдача сертификата, при неполном либо каких-либо возникших вопросах, либо недополучении информации будет соответствующий отказ.

Соответствующие правила будут приниматься в рамках принимаемых поправок в Экологический кодекс. Я думаю, на сегодня пятидневный срок – такая практика оператором уже выстроена. В некоторых моментах, когда есть такие товары, можно рассмотреть от одного до трех дней. Конечно, товары, которые следуют более глубоко изучать, есть такие примеры, когда уплачивается утилизационный сбор за пустую бутылку, выходит в виде бутылок с напитками и так далее, то здесь необходимо статистику приводить в соответствие и перевыдавать данный сертификат. Конечно, такие вопросы имеются.

Тем не менее отвечаю на Ваш вопрос, что пяти дней достаточно для того, чтобы оператор смог проработать совместно с Комитетом государственных доходов необходимую информацию и выдать сертификат. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Шәкәрім Сабырұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӘУТИЕВ Ә.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Әріптесім машина жасау мен көлікті дамыту мәселелері бойынша заңның негізгі ерекшелерін егжей-тегжейлі баяндады. Өндірістік саясат туралы заңға өндірістік қуаттардың теңгерімін бағалау тетігін енгізуге тиесілі түзетулерге тоқталғым келеді.

Бүгінгі таңда жаңа инвестициялық жобаларға бастамашылық жасау нарықтың жиынтық балансын, қолданыстағы және іске қосылатын қуаттарды, сондай-ақ болжамды ішкі және экспорттық сұранысты міндетті бағалаусыз жүзеге асырылады. Бұл келесідей тәуекелдерді тудырады:

орта мерзімді перспективада артық өндірістік қуаттарды қалыптастыру;

маржиналдылықтың төмендеуіне байланысты салалардың инвестициялық тартымдылығының төмендеуі;

бюджеттік және квазимемлекеттік ресурстарды тиімсіз жұмсау.

Бұл мәселе базалық өнеркәсіптік өнімге сұраныстың едәуір бөлігі мемлекеттік және квазимемлекеттік жобалар есебінен қалыптастырылатындығын ескере отырып, ерекше маңызға ие болады. Қуаттарды теңгерімдеу тетіктері болмаған жағдайда мемлекеттік қаражат ұлттық өнеркәсіптік базаның тұрақты дамуын қамтамасыз етпей, артық өндірісті немесе импортты жанама түрде қолдайтын жағдай туындайды. Осыған орай өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган өндірістік қуаттардың теңгерімін бағалау жөніндегі тиісті әдістемені әзірлейді және бекітеді.

Аталған шаралар мемлекеттік бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігін едәуір арттырады және өңдеуші өнеркәсіптің теңгерімді дамуын қамтамасыз етеді.

Құрметті әріптестер, жоғарыда аталған заңды толығымен қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне машина жасауды дамыту және көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлы беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне машина жасауды дамыту және көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарау мәселесін енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған әріптестер, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі үш мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдауға байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі және құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде және «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл заңдар бір-бірімен байланысты, сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің қарауларыңызға жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты рақымшылық жасау туралы заң, сондай-ақ қылмыстық, қылмыстық-процестік, әкімшілік құқық бұзушылық және атқарушылық іс жүргізу туралы заңнаманы жетілдіруге және рақымшылықты қолдану мәселелерін нақтылауға бағытталған екі ілеспе заң ұсынылып отыр.

Заңдар Мемлекет басшысының биылғы жылдың наурыз айында жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты кешенді қылмыстық және әкімшілік рақымшылық жариялау туралы тапсырмасын іске асыру мақсатында бір топ Парламент депутаттарының бастамасымен әзірленген.

Рақымшылық жариялау – мемлекеттің құқығы және ол әдетте маңызды қоғамдық-саяси оқиғаларға орай қабылданатын арнайы шара болып табылады. Қазақстанның конституциялық дамуының жаңа кезеңі әділеттілік, ізгілік, заң үстемдігі және адамның қадір-қасиетін құрметтеу қағидаттарын бекітті. Осыған орай қоғамдық қауіптілігі жоғары емес жекелеген құқық бұзушылықтарды жасаған адамдардың түзелуіне және қоғамға қайта бейімделуіне қосымша мүмкіндік беру туралы оң шешім қабылданып, арнайы заң енгізіліп отыр.

Рақымшылық жауаптылық қағидатынан бас тартуды білдірмейді, керісінше, заңда нақты белгіленген жағдайларда қолданылатын ізгілік актісі болып табылады. Ағымдағы рақымшылықтың өзіндік мәні бар және ол еліміздің конституциялық дамуының жаңа кезеңімен тікелей байланысты. Оның мақсаты мемлекеттің қылмыстық саясатын қайта

қарау және/немесе қылмысқа қатысты ұстанымды жұмсарту емес. Жүзеге асырылуы көзделіп отырған рақымшылық мемлекетіміздің дамуындағы маңызды кезеңге орай қабылданып отырған бір реттік құқықтық шешім ретінде сипатталады. Осы орайда ұсынылып отырған заңдар негізгі ережелерді қамтып отыр.

Жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты рақымшылық жасау туралы заң қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың жекелеген санаттарына қатысты гуманизмнің біржолғы актісін жүргізуді көздейді.

Қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес қылмыстар жасаған адамдар, сондай-ақ залал келтіруге алып келмеген, не оны толық өтеген немесе олар бойынша азаматтық талап қойылмаған ауырлығы орташа қылмыстар жасаған адамдар қылмыстылық жауаптылықтан босатылуға жатады. Сондай-ақ ауырлығы орташа қылмыстар жасаған сотталғандардың жоғарыда аталған санаттарына жатпайтын, ауырлығы орташа қылмыстар жасаған адамдарға негізгі жазасының өтелмеген немесе орындалмаған бөлігінің мерзімі немесе мөлшері екіден бір бөлігіне қысқартылады.

Жазасын өтеп жатқан немесе оны әлі орындамаған адамдарға негізгі жазасының өтелмеген немесе орындалмаған бөлігінің мерзімдері немесе мөлшерлері қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залалды және өздеріне қойылған талап қою талаптарын толық өтеген жағдайда ауыр қылмыстар бойынша үштен бір бөлігіне, аса ауыр қылмыстар бойынша төрттен бір бөлігіне қысқартылады. Ал осы санаттарға жатпайтын сотталған адамдарға негізгі жазасының өтелмеген немесе орындалмаған бөлігінің мерзімдері ауыр қылмыстар бойынша төрттен бір бөлігіне, аса ауыр қылмыстар бойынша бестен бір бөлігіне қысқартылады. Сонымен қатар аса қауіпті қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықтың бұлтартпастығы қағидаты сақталады.

Рақымшылық сыбайлас жемқорлық қылмыстар, террористік, экстремистік, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар, азаптаумен жасалған қылмыстар, өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, адам өлтіру, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, мемлекетке опасыздық жасау, сондай-ақ басқа да аса қауіпті қылмыстар жасаған сотталғандардың өзге де санаттарына қолданылмайды. Осы мақсатта рақымшылық жасау туралы заңның 3-бабында рақымшылық қолданылмайтын қылмыстық құқық бұзушылықтардың тізімі нақты айқындалады.

Қаралып отырған заңмен тәуелсіз Қазақстанның тарихында алғаш рет қылмыстық рақымшылықпен қатар әкімшілік рақымшылықты да жүргізу көзделіп отыр. Бұған дейін мұндай құқықтық тетік республикалық деңгейде қолданылған емес, сондықтан бұл заңның аса маңызды жаңалықтарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының азаматтары, жеке кәсіпкер ретінде тіркелген кәсіпкерлік субъектілері, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, заң консультанттары болып табылатын жеке тұлғалар әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін осы заң қолданысқа енгізілетін күнге орындалмаған әкімшілік айыппұл түрінде қолданылған әкімшілік жазадан, не оның осы заң қолданысқа енгізілетін күнге орындалмаған бөлігінен босатылады.

Рақымшылық қолданылғаннан кейін тиісті айыппұлдар бойынша атқарушылық іс жүргізулер тоқтатылуға жатады.

Кәсіпкерлік саласына да ерекше назар аударылып отыр. Жеке кәсіпкерлер кәсіпкерлік қызметті дербес жүзеге асыратын жеке тұлғалар болып табылады және әкімшілік айыппұлдар олар үшін қосымша қаржылық жүктеме болуы мүмкін. Сондықтан аталған санатты рақымшылыққа жататын тұлғалар тізбесіне енгізу азаматтарымыздың экономикалық белсенділігін қолдауға бағытталған.

Әкімшілік рақымшылық қоғамдық қауіпсіздікке, азаматтардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ мемлекеттің мүдделеріне қатер төндіретін құқық бұзушылықтар жасаған адамдарға қолданылмайды.

Рақымшылық жасау туралы негізгі заңмен қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған адамдарға қатысты рақымшылық жасауды қолдану шарттары мен тәртібі де реттеледі.

Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасына ілеспе түзетулер рақымшылықтың тиімді іске асырылуын қамтамасыз етуге және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтау тәртібін жетілдіруге бағытталған.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске түзетулер рақымшылық актілерін іске асырудың тиімділігін арттыруға және әкімшілік іс жүргізуді цифрландыруды жетілдіруге бағытталып отыр.

Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі, құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша түзетулер атқарушылық іс жүргізудің тиімділігін арттыруды, сондай-ақ «Заң мен тәртіп» конституциялық қағидатын іске асыру жөніндегі ведомствоаралық комиссияны құруды көздейтін нормаларды қарастырады.

Құрметті әріптестер! Заңдар жұмыс тобының және комитеттің кеңейтілген отырыстарында жан-жақты талқыланып, қаралды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен заңдардың тұжырымдамалары бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере отырып Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағын басшылыққа ала отырып «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының қабылдануына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі және құқық бұзушылықтар профилактикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды, Парламент Сенаты Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заңдар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӘУТИЕВ Ә.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Бас прокуратураның өкіліне.

«Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдауға байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті уәкілетті органдармен бірлесе отырып, әкімшілік жазадан босату процестерін автоматтандыруды көздеп отыр. Сұрағым осыған байланысты.

Әкімшілік құқық бұзушылық бірыңғай тізілімі есебіндегі айыппұлдарды автоматты түрде есептен шығарудың қадамдық тетігі қалай болмақ және Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті осы деректерді Әділет министрлігімен азаматтардың шоттарынан жеке сот орындаушылардан атқарушылық іс жүргізу үшін ақы алмай жедел алып тастау жұмысын қалай үйлестіруді ұйымдастырғалы отыр? Рақмет.

ТӨРАҒА. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің төрағасы Сәбит Нұрлыбайұлы, жауап беріңіз.

НҰРЛЫБАЙ С. Сұрағыңызға рақмет.

Біздің комитетте бүкіл әкімшілік іс жүргізу iRAP жүйесінде атқарылады. Ол жерде жетпіс шақты мемлекеттік орган жұмыс атқарады. Осы iRAP ақпараттық жүйесінде рақымшылық туралы заңда көзделген критерийлер бойынша төленбеген әкімшілік айыппұлдардың тізбесін уәкілетті органдармен бірге қалыптастырдық. Рақымшылық жасау заңы күшіне енгеннен кейін iRAP жүйесінде әкімшілік жазадан босату туралы қаулы автоматты түрде шығарылатын болады. Ол қаулыға уәкілетті органның лауазымды тұлғасы ЭЦП арқылы қол қояды. Қаулы күшіне енгеннен кейін iRAP жүйесінен автоматты түрде Әділет министрлігінің АИС ОИП жүйесіне (біз 2018 жылы интеграция жасағанбыз) барады. Ол жерден сот орындаушысы дайын қаулыны көріп, әрі қарай заң шеңберінде тиісті шаралар қолданатын болады. Ол жөнінде Әділет министрлігінің өкілі баяндайтын шығар.

Біз бүкіл процесті автоматтандырдық. Заң күшіне енген жағдайда біз бұл қаулыларды автоматты түрде шығарып, Әділет министрлігінің АИС ОИП жүйесіне жібереміз. Техникалық жұмыстардың бәрі жүргізілді. Біз оған дайынбыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Дәниел Мерейұлы, өз тарапыңыздан жауап беріңіз.

ВАИСОВ Д.М. Действительно, с 2018 года две системы ЕРАП и СОИБ интегрированы. В рамках исполнительного производства для частных судебных исполнителей и государственных судебных исполнителей основанием для списания штрафов является прекращение исполнительного производства. В этой связи поправки предусматривают (мы внесли изменения), что акт амнистии является основанием для прекращения исполнительного производства. Как только мы получим документы из ЕРАП в АИС ОИП, частные судебные исполнители и государственные судебные исполнители будут снимать эти штрафы с производства.

Второй момент. При возбуждении исполнительного производства возникает обязанность по оплате услуг частных судебных исполнителей. Эти поправки

предусматривают, что оплата услуг частных судебных исполнителей не потребуется по данным вещам. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ішкі істер министрлігінің өкіліне.

«Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңға енгізілетін түзетулермен «Заң мен тәртіп» конституциялық қағидатын іске асыру жөніндегі ведомствоаралық комиссияларды қалыптастыру тәсілін өзгерту ұсынылады. Атап айтқанда, тиісті комиссиялардың құрамын бекіту жөніндегі мәслихаттардың өкілеттіктері алынып тасталып, оларды құру, құрамын және ережесін бекіту тікелей жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне беріледі. Осыған байланысты сұрақ туындайды.

«Заң мен тәртіп» конституциялық қағидатын іске асыру жөніндегі ведомствоаралық комиссияларды қалыптастыру өкілеттігі толықтай жергілікті атқарушы органдарға берілгеннен кейін олардың қызметінің тиімділігін бағалау мен есептілігін қамтамасыз етудің қандай тетіктерін енгізу көзделіп отыр? Рақмет.

ТӨРАҒА. Санжар Әскенұлы, жауап беріңіз.

ӘДІЛОВ С.Ә. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Алтынбек Нухұлы.

Рас, қазіргі таңда ұйымдастырушылық сәйкессіздік бар. Себебі комиссия әкімнің шешімімен құрылады, ал комиссияның дербес құрамы мәслихатпен бекітіледі. Егер ұсынылып жатқан түзетулер қабылданатын болса, онда әкімнің өкілеттілігі кеңейтілетін болады. Сонымен қатар осы ведомствоаралық комиссияның жедел түрде «Заң мен тәртіп» қағидасын жүзеге асыру үшін тиісті шаралар қабылдауына мүмкіндік береді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ал жергілікті комиссиялардың жұмысын қалай қадағалайсыздар? Сұрақ осы туралы ғой. Олардың жұмыстарының тиімділігіне де баға беру керек шығар. Оны кім жүзеге асырады? Осы сұрақтарға жауап берсеңіз.

ӘДІЛОВ С.Ә. Рақмет.

Ведомствоаралық комиссияның басты мақсаты қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету. Ведомствоаралық комиссияның мүшелері тек құқық органдарының өкілдері мен әкімдер ғана емес, бүкіл құзыретті органдардың өкілдері, сонымен бірге оған халық белсенділері де кіреді.

Біріншіден, қоғамдық бақылауды орнату.

Екіншіден, бұқаралық ақпарат құралдары немесе әлеуметтік желілерде осы ведомствоаралық комиссияның жұмысында нақты қандай жетістіктер бар, қандай жұмыстар атқарылды, сол туралы ашық түрде есеп берілетін болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Әділет министрлігінің және Бас прокуратураның өкілдеріне.

Ілеспе заңмен Қылмыстық іс жүргізу кодексіне түзетулер енгізіліп жатқанына бәріміздің көзіміз жетіп отыр. Сотқа дейінгі тергеуді аяқтау тәртібі өзгеріп жатыр. Атап айтқанда, алдағы уақытта айыптау актісін қазіргідей прокурор емес, тікелей тергеу жүргізуші немесе анықтаушы әзірлейтін болады. Ал прокурор оны жай ғана бекітеді немесе келіспесе қайта жасатады. Осыған байланысты менде мынадай сұрақ туындайды.

Айыптау актісін жасау функциясын прокурордан сотқа дейінгі тергеу органдарына беру жағдайында заңдылықты қамтамасыз етудің және қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын сақтаудың қандай кепілдіктері көзделген? Сол бойынша не айта аласыз? Өйткені тәртіп өзгеріп жатыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Дәниел Мерейұлы, сіз бастап жауап беріңіз.

ВАИСОВ Д.М. Сұрағыңызға рақмет. Бұл өте маңызды мәселе.

На самом деле существенный объем прав участников процесса не меняется, потому что концептуальный порядок окончания досудебного расследования остается прежним. Это классическая схема, когда досудебное расследование завершается подготовкой обвинительного акта.

Что касается роли прокурора, как процессуальной единицы, в данном процессе, то она сохраняется, прокурор продолжает осуществлять надзор за следствием, следственными действиями, утверждает обвинительные акты, то есть все эти действия прокуратуры сохраняются.

ТӨРАҒА. Сәбит Нұрлыбайұлы, енді сіз жауап беріңіз.

НҰРЛЫБАЙ С. 2022 жылда бастап ауыр істер бойынша, ал 2023 жылдан бастап сыбайлас жемқорлық істері бойынша айыптау актісін жасау прокурорларға жүктелген. Ал басқа істер бойынша тергеуші айыптау ісін дайындайды, бірақ бекітетін прокурор. Ол бекіту үшін істі мұқият зерделейді. Әрбір іс тіркелгеннен бастап сотқа жіберілгенге дейін оны қадағалаушы прокурор бар. Қадағалаушы прокурор тергеушінің жасаған әрбір процессуалдық ісін қадағалап отырады. Егер заңсыз болса, онда оны бұзады немесе нұсқаулық береді.

Бұл жерде айтып кететін маңызды мәселе – 302-бапқа тиісті толықтырулар енгізіліп жатыр. Ол жерде егер айыптау актісінде қателіктер мен бұзушылықтар жіберілсе, онда прокурор өзі жаңа айыптау актісін жасайды деп айтылған. Сондықтан прокурорда тиісті қадағалау өкілеттіктері жеткілікті. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Мұрат Болатұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңдарды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Больгерт Евгений Андреевичке беріледі.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Рассматриваемый сегодня Закон «Об амнистии в связи с принятием новой Конституции Республики Казахстан» – это не просто юридический акт, а традиционный институт уголовного права, демонстрирующий способность государства сочетать неотвратимость наказания с принципами гуманизма.

Подобные акты принимаются во всем мире в связи с важнейшими историческими вехами, и принятие новой Конституции Республики Казахстан – именно такое событие.

При этом закон строго следует международным стандартам – он носит избирательный характер.

Важно подчеркнуть, что амнистия не распространяется на лиц, совершивших коррупционные, террористические, экстремистские преступления, а также преступления против половой неприкосновенности лиц, в том числе несовершеннолетних.

Документ сохраняет четкий баланс между гуманизмом и общественной безопасностью.

Ключевые новшества закона.

Первое. Гуманизация уголовного законодательства. По предварительным оценкам, уголовная амнистия коснется более 16,5 тысячи человек, при этом более 4 тысяч граждан будут полностью освобождены от уголовной ответственности и наказания, а более 10 тысячам сократят сроки.

Второе. Впервые в истории Казахстана проводится административная амнистия. Чтобы снизить финансовую нагрузку на граждан и бизнес, списываются отдельные виды штрафов. Масштаб колоссальный: только по линии Министерства внутренних дел амнистия охватит порядка 1 миллиона административных штрафов на сумму более 17 миллиардов тенге. В целом она затронет нарушения по 280 статьям КоАП, относящимся к компетенциям 15 государственных органов.

Третье. Социальная адаптация. Закон не просто освобождает людей, он обязывает Правительство и акиматы содействовать их ресоциализации через конкретные меры поддержки, а именно:

размещение одиноких лиц с инвалидностью, пенсионеров и лиц без определенного места жительства в специализированные центры;

обеспечение трудоустройства трудоспособных лиц;

продолжение назначенного судом лечения;

устройство несовершеннолетних в семьи или интернаты с гарантией получения образования.

Құрметті әріптестер! Айтылғандарды ескере келе мен қаралып отырған заңдарды толық қолдаймын және сіздерді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдауға байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі және құқық бұзушылық профилактикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Бекназаров Нұрлан Құдияруұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауға енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер бойынша комитеттердің отырыстарын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген алғашқы мәселе «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заң Сенат отырысында бірінші оқылымда қаралып, мақұлданды.

Заңда жекелеген құқықтық институттарды жетілдіруге, қылмыстық сот ісін жүргізудің тиімділігін арттыруға және құқық қолданудың цифрлық тетіктерін одан әрі дамытуға бағытталған Қылмыстық кодексіне, Қылмыстық-процестік кодексіне және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Заңмен сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижелерін ресімдеуге байланысты мәселелерді құқықтық реттеу жетілдіріледі, айыптау актісін және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы туралы есепті жасау жағдайлары нақтыланады, сондай-ақ айыптау актісінің құрылымы мен мазмұнына бірыңғай талаптар енгізіледі.

Ұсынылған нормалар құқық қолдану практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге, процестік құжаттардың сапасын арттыруға және қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтарын сақтау кепілдіктерін нығайтуға бағытталған.

Түзетулердің маңызды бөлігі рақымшылық жасау актілерін іске асыру бөлігінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жетілдірумен байланысты. Әкімшілік іс жүргізуді одан әрі цифрландыру мақсатында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі арқылы рақымшылық жасау актісінің қолданысына жататын адамдардың тізілімін қалыптастыруды және электрондық форматта тиісті шешімдер қабылдауды көздейтін баппен толықтырылады. Осы норманы іске асыру шешімдер қабылдаудың жеделдігін қамтамасыз етуге, әкімшілік рәсімдерді барынша азайтуға және рақымшылық актілерін орындаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мұрат Болатұлы.

Құрметті әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Президент жаңа Конституцияның қабылдануына орай қылмыстық және әкімшілік рақымшылық жасауды тапсырды. Бүгін мақұлданған рақымшылық жасауға қатысты заңдар топтамасы осы тапсырманы орындау мақсатымен әзірленді. Заңдар аясында соттардың қарауындағы тоқтатылатын, сондай-ақ жазадан босатылатын істердің санаттары айқындалды. Бірқатар санаттар бойынша жаза мерзімдері қысқартылады. Сонымен бірге алғаш рет әкімшілік рақымшылық жасалатын болады. Бұл заңдарды тәртіп бұзуға жол берген адамдарға қоғам мен мемлекет тарапынан жасалған гуманистік қадам деп қабылдаймыз.

Осы заң бойынша шақырылған әріптестерге рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі мәселе –«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне газбен жабдықтау және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне газбен жабдықтау және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының мақсаты – газбен жабдықтау және электр энергетикасы саласындағы заңнаманы жетілдіру. Атап айтқанда, келесі мәселелер бойынша толықтырулар енгізіледі:

мұнай-газ-химиясы жобалары үшін тауарлық газдың ұзақ мерзімді көтерме бағаларын ұсыну бөлігінде тауарлық газға баға белгілеу тетігін жетілдіру. Сондай-ақ тауарлық газды тұтынушыларды ірі коммерциялық тұтынушылар санатына жатқызу өлшемшарттарын нақтылау;

ұлттық операторға қосымша функциялар беру, оның ішінде газбен жабдықтау объектілерін салуды жобалауға арналған техникалық тапсырманы келісу және олардың құрылысына техникалық мониторинг жүргізу;

бюджет қаражаты есебінен салынған газбен жабдықтау объектілерін ұлттық оператордың теңгеріміне беру мерзімін үш жылдан бір жылға дейін қысқарту;

тауарлық газды газ тарату жүйесі арқылы екі және одан да көп газ тарату ұйымдарының тасымалдауына тыйым салу арқылы қосарланған тарифті қолдануды болдырмау және иесіз газ құбырларының санын азайту;

қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында сыйымдылықтары жерүсті орналастырылатын модульдік және стационарлық автогаз құю стансаларын салуға тыйым салу;

жеткізушілермен газ жеткізу шарттарын жасасу кезінде мемлекеттік сатып алу рәсімдерін оңайлату;

газ және газбен жабдықтау саласындағы отандық өндірушілерді қолдау, оның ішінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілерден басымдықпен сатып алу және қазақстандық кадрларды тарту;

деректерді қашықтан беру функциясы бар тауарлық газды есепке алу құралдарына көшу және тағы басқалары.

«Электр энергетикасы туралы» Заңға энергетикалық жүйенің ең жоғары жүктеме сағаттарындағы реттеуге тәуелділігін төмендету мақсатында гидроаккумуляциялық электр стансаларын дамытуға қатысты нормалар көзделген. Бұл экологиялық тұрғыдан қауіпсіз әрі маневрлік қуат көздерін салуға серпін береді.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне газбен жабдықтау және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сүйіндік Тасеменұлы.

Құрметті әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне газбен жабдықтау және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған заң еліміздегі газ саласын тиімді реттеуге және энергетикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған. Заңда газ тарату желілерін басқару және баға белгілеу тетіктерін жетілдіруді көздейтін нормалар қарастырылды. Бұл ретте электр энергиясын өндіруші және тасымалдаушы ұйымдардың жекелеген қызметі қайта қаралды. Заңда газды үнемді пайдалануға және қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етуге арналған түзетулер де бар.

Жалпы, заң газ және электр энергиясы саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыруға өз үлесін қосады деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті депутаттар! Қарастырылып отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Сенат отырысында қаралды және бірінші оқылымда мақұлданды.

Законами предусматриваются следующие важные новеллы:

вводится понятие «постановление территориального органа», которым будет осуществляться отмена мер принудительного исполнения по исполнительным документам с истекшими сроками предъявления;

предусматривается право сторон исполнительного производства фиксировать ход исполнительных действий с использованием технических средств, аудио- и видеофиксации;

права представителя в исполнительном производстве дополняются полномочием по заключению соглашения об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации;

в случае отсутствия возможности привлечения понятых вводится обязанность судебного исполнителя фиксировать ход исполнительных действий путем видеофиксации, за исключением исполнения решений о выселении, вселении, сноса либо требования взыскателя или должника;

уполномоченный орган наделяется компетенцией по определению порядка ведения Единого реестра должников, предназначенного для осуществления задач исполнительного производства.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Жанна Бейсентайқызы.

Құрметті әріптестер, заңды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған заң атқарушылық іс жүргізу тетіктерін одан әрі жетілдіруді көздейді. Осы мақсатпен азаматтардың құқықтарының қосымша қорғалуын қамтамасыз ететін жаңа нормалар енгізілді. Сондай-ақ заң аясында жеке сот орындаушыларының кәсібилігін жетілдіруге және жауапкершілігін арттыруға бағытталған кешенді түзетулер қамтылды.

Жалпы, заң атқарушылық іс-әрекеттерді жүргізу кезінде заңдылықты, әділдікті және ашықтықты қамтамасыз етуге оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, дербес деректерді қорғау, жол жүрісі және көліктегі озық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Есбай Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ЕСБАЙ А.Ғ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, дербес деректерді қорғау, жол жүрісі және көліктегі озық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бірінші оқылымда қаралды және мақұлданды.

Заң арқылы келесідей Қазақстан Республикасының кодекстеріне түзетулер енгізіледі:

1) Қазақстан Республикасының Жер кодексіне мемлекеттік жер кадастрының картографиялық негізін қалыптастыру үшін мемлекеттік есептеу жүйесін пайдалану туралы нормалар;

